Последуем за историей «интеллекта», обращаясь к немецкой классике, где используются, правда, другие термины: *Verstand* (рассудок) и *Vernunft* (разум).

Выводы

Эволюция понятия ума, движение от Логоса к Интеллекту, рассудку разуму, утрата первоначальной связи разума с духовным источником, его «помирание», превращение в инструмент господства – вот что было проявлено в данной статье. И как вывод – необходимость возрождения Разума в его духовной ипостаси, то, что было заповедано великими учителями человечества – прежде всего, аль-Фараби, Абаем, Шакаримом. Интеллект в его извращенной форме, отпавший от ветви добра и истины, может стать инструментом страшных злодеяний, преступлений против человечности. И ни в коей мере такой «интеллект» не станет условием культурной и гражданской идентичности. Он будет искать свою выгоду, а не любовь к отечеству.

Библиография

Аль-Фараби, 2014. 'Книга о разуме'. Алматы, Международный клуб Абая, 236 с.

Гадамер, Г-Г. 1998. 'Истина и метод'. Москва.

Назарбаев, Н. 2017. 'Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания'. [Электронный ресурс] URL <http://www.akorda> (дата обращения 12.04.2017).

- Ортега-и Гассет, Х. 1991. 'Что такое философия?'. Москва, Наука, 403 с.
Хайдеггер, М. 1997. 'Введение в метафизику'. Санкт-Петербург, ВРФШ, 298 с.
Шелер, М. 1994. 'Избранные произведения'. Москва, Республика.

Transliteration

- Al'-Farabi, 2014. 'Kniga o razume' [Book of Mind]. Almaty, Mezhdunarodnyj klub Abaja, 236 s.
Gadamer, G-G. 1998. 'Istina i metod' [Truth and Method]. Moskva.
Nazarbaev, N. 2017. 'Vzgljad v budushhee: modernizacija obshhestvennogo soznaniya' [Looking to the Future: Modernizing the Public Consciousness]. [Jelektronnyj resurs] URL [http:// www.akorda](http://www.akorda) (data obrashhenija 12.04.2017).
Ortega-i Gasset, H. 1991. 'Chto takoe filosofija?' [What is Philosophy?]. Moskva, Nauka, 403 s.
Haydegger, M. 1997. 'Vvedenie v metafiziku' [Introduction to metaphysics]. Sankt-Peterburg, VRFSh, 298s.
Sheler, M. 1994. 'Izbrannye proizvedeniya' [Selected Works]. Moskva, Respublika.

Түйін

Соловьева Г.Г. Зияткерлік және сәйкестілік: білім беру контексті

Мақалада шығыс пен батыстың тарихи және мәдени тұжырымдамасындағы «ақыл» (философия) феноменінің эволюциясы қайта қалпына келтіріледі. Бастапқыда ақыл-ойдың (Logos) шындық пен жақсылыққа байланысты онтологиялық мәні бар. Бірақ батыс өркениетінің дамуымен бұл мағына жоғалады. Ақыл-кеңес пен билікке айналады. Қазақстандық білім беру кеңістігінде әл-Фараби, Абай, Шәкәрімнің рухани дәстүріне сүйене отырып, интеллекттің түпнұсқа мәніне оралу керек. Сонда тек интеллект ұлттық өзін-өзі танудың, сонлай-ақ мәдени және азаматтық сәйкестікті қалыптастырудың міндетті шарты бола түседі.

Summary

Solovieva G.G. Intellect and Identity: the Educational Context

The article recreates the evolution of the phenomenon "intelligence" (intellect) in the historical and cultural concepts of East and West. Initially, the mind (Logos) has an ontological meaning associated with Truth and Good. But with the development of Western civilization, this meaning is lost. Mind becomes an instrument of domination and power. In the Kazakhstani educational space, it is necessary to return to the original meaning of the intellect, relying on the spiritual tradition of al-Farabi, Abay, Shakarim. Only then will the intellect become a prerequisite for national self-knowledge and the formation of cultural and civic identity.

*Назигүл Мұсаева, Анаргүл Есімова, Ринат Мұсаев
(Шымкент, Қазақстан)*

«БАБАЛАР СӨЗІ» – МӘҢГІЛІК ЕЛ КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Аннотация. «Мәңгілік ел» – түркі дүниесінің төл туындысы, қазақтың өр рухын ояту, бекзат болмысын дүр сілкіндіріп, қайта түлету, тілін, дінін, менталитетін жандандыру. 552 – 630 жылдары құрылған түрік қағанатының атауын ұлттық идея дәрежесіне көтеру – бұл өткен мен бүгінгіні, ертеңгіні өзара ұшырастыру, жаһандану үдерістеріне тапталмай, оның қыспауынан елімізді аман алып қалудың жолы.

«Мәңгілік ел» мемлекеттік бағдарламасының 100 томдық «Бабалар сөзі» басылымы – «қазақ халқының» әлем, қоғам, өзін-өзі тануындағы ешкімге ұқсамайтын тың сүрлеуін, оның мол қуаты мен жігерін жан-жақты ашып көрсететін ауқымды жоба.

Ұлтымыздың дара болмыс-бітімін, өзгеше тағдырын, адами құндылықтарын, рухани биіктігін ауыз әдебиетінің әр түрлі құнарлы жылғалары арқылы ашық жарқын жайып салған «Бабалар сөзі» мен терең тамырлы «Мәңгілік ел» концептісі, о бастан-ақ, тонның ішкі бауындай біте қайнасқан.

Бұлар – азаматтарды ұлы мақсаттарға жетелейтін, ұлт пен жеке тұлға мүддесін білімге құштарлық пен еңбек сүйгіштік арқылы өзара үйлестіретін, тәуелсіздік пен қауіпсіздікке сая, қалқан бола алатын жобалар.

Түйін сөздер: «Мәңгілік ел», «Бабалар сөзі», миф, мифтік сана, космогониялық мифтер, антропологиялық-генеалогиялық мифтер, экологиялық мифтер.

Кіріспе

Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық мерейтойын «Мәңгілік ел» концептісінің мәніне үңіліп, оның терең қабатына бойлау барысында атап өтудеміз. Соңғы үш жылда сананы дүр сілкіндіріп, ізденіс жасатып, рухты оятып жатқан бірден-бір алғышарт – ұлттық идея дәрежесіне көтерілген «Мәңгілік ел» сөзі.

«Мәңгілік ел» – екі бірдей ипостасты бойына бірден сіңірген киелі сөз тіркесі. Ол ұлт көшбасшысы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыпты жолдауында ұлтты бір ортаға ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін болашақтың бағдаршамы деп жариялаған жасампаз идея. Сонымен қатар, ол – небәрі 78 жыл ғана өмір сүрген алғашқы түрік қағанатының атауы.

«Мәңгілік ел» – кешегі мен бүгінгіні, ертеңгіні жалғастырып тұрған, тарихи, мәдени, рухани түпнегіздер мен қазіргі шындықты біріктіріп, өзара ұшырастырған өміршең идея.

Мәңгілік – адамның ішкі жан дүниесін дiр еткізіп, оның астан-кестенін шығаратын, сонымен қатар, сенім мен үмітті оятып сансыз сұрақтарға жол ашатын дуалы да тұңғыық сөз. Жалпы, мәңгі не бар, мәңгілік деген не? Бұл сауал көкейге бірден оралып, ойлаудың иірімді қабаттарына сүңгіп кете барасыз.

Әрине, мәңгі еш нәрсе жоқ. Бәрі өтеді, өзгереді, өшеді. Әр нәрсенің бастауы, шарықтауы, құрдымға кетуі бар. Бұл ешкім жоя алмайтын тылсым заңдылық. Көк түріктердің «Мәңгілік ел» қағанаты небәрі 78 жылдан кейін-ақ ыдырап кетті, бірақ олардың тіршілігінен болашаққа із қалды, рухының ұшқыны өшпеді. Бұдан түп-тамыр, рухани бастау мәңгі өмір сүретіндігін көреміз. Өйткені сол елес, тілек, арман бүгінгі бітім-болмысымызды кезіп жүр.

Әдіснама

Мақалада тарихилық пен логикалықтың бірлігі әдісі, нақтылық, біртұтастық, тарихилық принциптері қолданылды.

Ұлттық идея дәрежесіне ие болған «Мәңгілік ел» концептісі бүгінгі рухани биіктігімізді, ұмтылысымызды білдіретіндігі зерделеніп, «Бабалар сөзі» жүз томдық шығармасына талдау жасау арқылы қарастырылды.

«Бабалар сөзіндегі» қазақ мифтері

Әлемдік өркениеттен өзіне лайықты орын алуға ұмтылған біздің халқымыз өзінің төл тарихынан, тілінен ажырамай өзіндік дүниетанымымен, ділімен көзге түсуі керек. Өйткені тегін білмеген адам жетесіздіктен өледі, ал түбін білмеген, түбірін игермеген жұрт түбі адасады. Бәсекеге қабілетті, іскер, креативті, шығармашылыққа бейім өскелең тұлғаның тәртіптілік, еңбекқорлық, турашылдық, жинақылық, төзімділік, шыдамдылық, қанағатшылдық, тұрақтылық, адалдық, мейірімділік, тапқырлық, сабырлылық, салқынқандылық, ержүректілік, ұстамдылық сияқты адами қасиеттерінің бастауы, түп-тамыры – халықтың ауыз әдебиеті мен фольклоры.

Халықтың тарихи жады мен дәстүрлі дүниетанымының қуатты, құнарлы жылғаларын бір ортаға жинақтап, оның өзіндік сүрлеуі мен философиясын жан-жақты жария еткен кешенді жоба – «Бабалар сөзі». Фольклор – барлық ұлттық мәдениеттің мәйегі деп есептесек, «Бабалар сөзі» де біздің өркениетке ұмтылған еліміздің мәңгілік рухани қаусары болары сөзсіз.

Адамгершілік мұраттарын тиімді, әрі түсінікті қызықты түрде баяндайтын ауыз әдебиетінің сүбелі қабаты – қазақ мифтері. «Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол өткен заман адамының шындығын бойы-

на сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол өткенді саналы түрде бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қатесі қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозаңының арасында байқалмай қалған ақиқатсыз өрім қамшысы» деген С. Қондыбайдың пікірі қазақ мифтерінің мәнін толық ашады [Қондыбай 2004, 9 б.]. Олар – қазақ ділі мен тілінің қайнар көзі, қазақ болмысының төл атрибуттарын жан – жақты айшықтайтын өткен заман жәдігерлері, антропологиялық құндылықтардың күре тамыры.

«Бабалар сөзінің» 78-ші томында С. Қасқабасовтың «Алғы сөзімен» миф мәтіндері жарияланған. Бұл басылымның біраз ұтымды жақтары бар. Біріншіден, мұндағы мифтік мәтіндер жүйеленген, тақырыптары айқындалған, қарапайым және түсінікті. Екіншіден, қазақ мифтерінің біршама жанрлары қамтылған. Үшіншіден, ғылыми қосымшалар келтірілген. Орыс және ағылшын тілінде қысқаша аңдатпалар бар.

Мифтік мәтіндерді жинаушылар мен оларды біршама зерттеген ғалым-дар және 97 әдеби көздер туралы мәліметтер келтірілген. Бұларды талда-сақ, мифтерді жинаушы азаматтардың саны оларды арнайы зерттеушілер-ден қомақтырақ. Бұдан мифтік сананы тереңірек зерттеуге онша көңіл бөлінбегендігі көрініс береді. Фольклор танушы ғалымдардың саны 5–6-дан аспаған, оның ішінде философтар көрінбейді. Қазақстандық философтар назарынан тыс қалған қызықты дүниетанымдық сала миф және мифология десек, артық айтқандық емес. «Қазақ философиясына кіріспе», «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі», «Арғы қазақ мифологиясы» тақырыпты еңбектерді жазған Серікбол Қондыбайұлының шығармашылығы туралы пікір қорытқан философиялық сипаттағы мақалалар әлі жазылған жоқ. Бұл ғалымның еңбегіне Ш. Нұрпейісова, М. Әуезов, Т. Әсемқұлов сияқты мәдениеттанушылар мен әдеби қауым өкілдері қызығушылық танытуда. Пайдаланған 97 әдебиеттің тек 8-і ғана 2000 жылдан бері жарияланған, яғни бұл тұрғыдан да алға жылжушылық шамалы. 2011 жылы жарық көрген «Бабалар сөзінің» 78-ші томы мифтерге арналған ең жаңа басылым.

Жинақта 81 жер-су, тау атаулары кездеседі. Олар қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғыстан, Ресей, Түркия, Иран, Әзірбайжан, Грузия, Армения жерін қамтиды. Мекке мен Мысыр атауы да кездеседі, 51 діни және тарихи адамдар есімдері берілген. Олардың арасында Абылай, Алаша, Жәнібек, Жошы, Тоқтамыс, хандар, Райымбек пен Сураншы батырлар бар. Арыстанбаб Х.А.Иассауи, Ақсақ Темір, сонымен қатар, көпшілікке мәлім емес Баба Түкті Шашты Әзіз, Дәуіт, Жақып, Бибәтима, Нух, Сулеймен секілді пайғамбарлар мен діндар адамдар өмірі туралы нақты мәліметтер келтірілген. Космогониялық антропогондық-генеалогиялық, этиологиялық мифтер деп үш топқа жіктелген қазақ мифтерінің негізгі идеяларында қазақ ұлтының өзіндік болмысын танытатын құндылықтар көрініс берген.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы бүгінгі қазақты өзін-өзі ұнатуға, бағалауға, өзінің қайталанбас ерекшелігін сезінуге үндейді. Қайталанбас ерекшелікті, дара жолды таңдау үшін бүгінгі шындықты өткен тәжірибемен, жүріп өткен жолдың ыстық-суығымен үнемі салыстырып отыру – гуманитарлық мәдениет пен ғылымның сара методологиялық ұстанымдарының бірі. Көкжиегінді қазіргі өркениеттің мол ақпаратымен ұтымды байыта отырып, кешегіге үңілсеңіз, еш ұтылмайсыз. Осындай методологиялық өлшем тұрғысынан келсек қазіргі жастарға мифологияның беретіні өте көп.

Миф – терең тамырлы, шұрайлы бағзы замандағы дүниетаным, өзін қоршаған ортадан бөлектей бастаған балауса сананың ишарасы мен тұспалы, түп бастауға ұмтылыс, ақиқатты тануға деген талпыныс.

Қазақ мифтерінің мәні мен мағынасынан мынадай идеялар туындайды. Біріншіден, мифтер адамдарды айнала қоршаған жаратылыс сырларына үңілуге баулиды, оның көзге бірден түсетін құбылыстарының ғана емес, көзден таса қалтарыста қалып, жайымен дами беретін тылсымдардың құпиясына бойлауды үйретеді. Жалғыз жаратқан ие – тәңірге тағзым етуге шақырады. «Тәңір – ең жоғарғы Құдай, ол – аспан мен жердегі тылсым тіршіліктің иесі, адамды да, жер бетіндегі нәрселердің бәрін де, аспанды да, ондағы жұлдыздарды жаратушы. Көк Тәңірі не істеймін десе де, ерікті. Жарылқайтын да, жазғыратын да сол. Адамның, халықтардың жақсы, жаман болуы соның еркіне байланысты. «Тәңір жарылқасын», «Көк соққан», «Көк соққыр» деген сөздер осыдан шыққан» [Қондыбай 2004, 268 б.]. Екіншіден, мәңгі өзгермейтін әлем, Тәңір мекені – Көкті киелі санау. Үшіншіден, тіршіліктің өсіп өніп, қанат жоюына барлық мүмкіндікті жасап отырған – жер-суды киелі деп есептеу, төртіншіден – ата-баба рухын қадірлеу, аруаққа сену.

Мифтер тәңір, көк аспан, жер мен аруақтың біртұтастығын, мазғымас бірлігін көрсетеді. Жер жүзіндегі барлық заттарды олардың құрамы біріктіреді, өйткені олар топырақтан, судан, оттан, желден жаралған. Көшпелі ғұмыр кешкен біздің ата-бабаларымыз табиғаттың қыр-сырын жан-жақты білуге мәжбүр болған. Шеті мен шегі жоқ айдалада мал бағу, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп-қону оңай болмаған. Табиғаттың қатал сынына төтеп беріп, аптап ыстықта жел өтінде, сықырлаған аязда тіршілік қамын жасап, өмір сүрді, өнер тудырды, небір керемет жәдігерлерді дүниеге келтірді.

Табиғат пен адам аруақытта бір-бірімен үндестікте, жарастықта, үйлесімділікте болған. Өйткені ол қоршаған ортаны өзгертуді ойлаған жоқ, керісінше, өз болмысын табиғат ырғағына бейімдеді. Мысалы, қой жаюдың желдің бағытына, күннің тоқырауына, жауын-шашынға, жайылым ерекшеліктеріне байланысты өзіндік заңдылықтары болған. Жаз айларында қойды ертемен желдің ығына, күн ысыған сайын шығысқа қарай бағыттап, дәл түсте күн қойдың бүйірінен немесе арқасынан түсетіндей етіп, күн

қайтқанда желге қарсы біртіндеп, оңтүстікке қарай тура жаю керек. Суық түскенде қойларды желге қарсы өрістетіп, күнге қаратып жаю тиімді, жаңбырлы күндері мүмкіндігінше сыз жерге жатқызбай жер дегдігенше тоқтатпай жаю керек. Мұның бәрі қазақ халқының табиғат туралы білімінің қомақты болғандығын көрсетеді.

Мифтік мәтіндерде кездескен кейбір мәліметтер өзінің тосындылығымен таң қалдырады. Мысалы, адам мінезі мен аспан жұлдызының байланысы. Өте қызықты байлам. «Жер жүзіндегі барлық заттар сияқты көктегі жұлдыздар да от, су, топырақ, жел – төрт нәрседен жаралған. Сол себепті адамдардың жұлдызы әр алуан: біреуінің жұлдызы – от, енді біреуінің жұлдызы – су, және біреуінің жұлдызы – жел, тағы біреуінің жұлдызы – топырақ болады. Адамдардың мінез-құлқындағы әркелкілік – ауыр, жеңіл, кең, тар, шапшаң, сылбыр қатты, жұмсақ, жайдары, кикар, салмақты, ұшқалақ т.б. мінез-құлықтар әр адамның өзіне тән жұлдызының табиғатына тәуелді болады» [Қазақ мифтері 2011, 46 б.], – деп жазылған мифтік мәтіндерде.

Біздің ата-бабаларымыз табиғатқа бас иді, оған табынып, оның әрбір өзгерісін жіті қадағалады, өз әрекетін табиғи өзгерістер қисынына бағындырды. Сондықтан оның экологиялық санасы мен мәдениеті жоғары болды. Ис-әрекет пен тіршілік алаңы болған ұшы қиырсыз кең дала бостандыққа, еркіндікке үйретті. Сонымен қатар, кең дала адам күні адаммен деген принциптің маңыздылығын да дәлелдеді. Ай далада жалғыз өмір сүре алмайсың, міндетті түрде қауым, қауымдық қатынастар, біреудің біреуге сүйеу болуы, қолдау көрсетуі бірден-бір қажеттілік. Сондықтан әлеуметтік айырмашылықтар көзге түспейді, негізінен теңдік, әділеттілік жақсы дамыған.

Қазақ мифтері дүниені үш қабатқа жеті қабат Жер асты, қара жердің беті және жеті қат көк әлеміне бөледі. Дүниенің төрт бұрышы: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан – жоғарғы ғалам, жер – орта ғалам, жер асты – төменгі ғалам деп есептейді.

Қазақ мифтерінде уақыт бөлінбейтін бір тұтастық, өткен мен бүгінгінің синтезі ретінде көрініс табады. Кешегі бүгінгідей, ал бүгінгі күн оның бөлінбейтін бөлшегі ретінде кіреді. Көптеген, тіпті жүздеген жыл бұрын өліп қалған ата-бабамыздың рухы тірілердің сана сезімінде ұдайы өмір сүріп отырады.

Антропогондық-генеалогиялық мифтердің құрамында мынадай мәтін бар: «Адамзаттың денесінде Алла Тағала төрт түрлі зат пайда етті. Бірі – ақыл, бірі – рух, бірі – нәпсі, бірі – көңіл. Олардың әрқайсысын әр нәрседен алды. Көңілді судан алды, сол себептен, ол – тап-таза, мөп-мөлдір, құпия және жария жаһанның айнасы. Рухты самал желден алды, оны құпиялап, өзіне бенделік жасауға қойды. Ақылды топырақтан алды, осы себепті, топырақ қандай ренде болса, ми да сондай ренде болады. Ақыл не нәрсе

үйретсе үйренеді. Нәпсіні оттан алды. Осы себепті кімде-кім нәпсінің жалынына түссе, оны машақат, әурешілік айналдырады, ақырынды жазаға кіріптар болғанын білмей қалады» [Қазақ мифтері 2011, 62 б.].

Ақыл, рух, көңіл, нәпсі... Ақыл бірінші орында тұр, ол топырақтан дари-ды. Қазақ халқы мифтік сана деңгейінде, сонау алғашқы бастауда ақылдың адамның жоғарғы қасиеті екендігін білген. Әр түрлі құбылыстардың, сан алуан көріністердің себептерін, мәнісін түсіну үшін ақыл керек. Ақыл адамның барлық іс-әрекетін басқарып отырады, оның басқа да толып жатқан қасиеттері ақылға бағынышты. Ақыл объективті шындықты таниды, ғылымды меңгереді, қас пен досты, ізгілік пен ғұлымдықты ажыратады, ақылсыз – еш нәрсені білуге болмайды. «Ақыл азбайды, білім тозбайды» деп ақылдың адам өміріндегі, іс-әрекетіндегі алатын орнын өз ұрпақтарының санасына сіңіріп келген дана-қариялар тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінің ақылдан шығатынан сенген.

Рух – адамның ситуациялық, сәттік, шекаралық кезеңдерінде кенеттен туындап, бірден буырқанып, көтеріліп кететін қуаты мен қайраты. Оны желден алады, құпиялап қояды деу бекер болмаса керек. Жел, біресе сая-бырлап, біресе алай-түлей болып кетеді ғой. Рух та сол іспеттес.

Адам жанының жайдарылығының және оның жай табуының негізі – көңіл. Адамгершіліктің ең асыл қасиеті – көңіл. Ең асыл, әрі баға жетпес сыйлық көңілдің көркінде. Көңілі көншу – адамның барлық қарым-қатынастарының сәнін келтіріп, ерекше нұрға, жүрек жылуына бөлейді. Ал жүрек жылуы бар жерде адамды құрметтеу де, қастерлеу де, оның қас қабағына қарап, сыйлау да бар. Нәпсі – адамды үлкен жауапкершілікке ұмтылдыратын өте қиын таңдау. Бір нәрсеге құлай беріліп, өзіңді өзің тия алмасаң, еркінді бағындыра алмасаң, от сияқты жанын, лапылдап, күйіп те кетуің әбден мүмкін. Адам үнемі өз нәпсісімен күресіп отыруға мәжбүр. Қазіргі өркениеттің трагедиясы – ақшаға, материалдық байлыққа құнығып кету.

Қазақ мифтеріндегі ерекше орынды иеленген кейіпкер – Көк бөрі. «Көк бөрі қайырымды, соғыста аман қалған жалғыз баланы Алтай тауының алыс түкпіріне алып кетіп, асырайды. Ол баланы өзінің апанында өсіріп, ер жеткізіп, әлгі баладан он бала туады. Аналық бөрінің бұл балалары бірте – бірте үлкен елге айналып, өзді-өзі бөлек тайпаға айналады. Аналық бөрінің кемтар, баладан туған он ұлының бірін Ашын деп атаған екен. Бұл – аса қайырымды Бөрі деген мағына береді. Ол өзінің кереметтей ақылдылығымен басқалардан ерекше болғандықтан, оны ру басшысы етіп қояды. Енді ол өзінің Бөрі анасының қайдан шыққанын көрсететін белгі ретінде, қақпа алдына алтыннан жасалған Бөрі басын ту етіп, іліп қояды. Ежелгі түркі билеушілері басқа елдің елшілерін осы Бөрі басы бейнеленген туға тізе бүгіп, құрмет көрсеткеннен кейін ғана қабылдайтын болған» [Қазақ мифтері 2011, 52 б.]. Біздің арғы аталарымыз бөріні өзіне тотем тұтқан.

Мүсінші Т. Бинашиев: «Көкбөрі – батырлықтың, өжеттіліктің символы. Халқымыз бойында оты бар, ер жүрек батыр жігіттерді Көк бөріге теңеген. Аң патшасы – Арыстан, жүректі жолбарыс, айбарлы аю да конфет үшін цирк аренасында билейді. Ал қасқыр – өте текті жануар. Ол ешкімге бағынбайды. Ешкімнің ықпалына көнбейді» [Бинашиев 2016, 9 б.], – деп орынды атап көрсеткен.

Қазіргі жастардың көбісі бұдан мүлдем бейхабар. «Мен бірде теледидардан қазақ жігітінің машинасымен қасқырдың құйрығын мыжып, екіншісі басынан теуіп жатқанын көріп, төбе шашым тік тұрды. Одан кейін тағы қасқырдың жаңа туған бөлтіріктерін қылқындырып, жерге ұрып жатқан «жастарды көріп, жағамды ұстадым» [Бинашиев 2016, 9 б.], – деп Т. Бинашев өз ойын жалғастырған. Қасқырдың біздің халқымыз үшін өте киелі жануар екендігін жастарымыздың білмеуі өте келеңсіз жағдай. Мұндай қылықтар елеусіз қалмау керек. Қасқырды қорлау дегеніміз – өзіміздің түпкі негізімізді, бастауымызды қорлау, оған топырақ шашу деген сөз.

Қазақ мифтері – халық шығармашылығы. Дегенмен, оның әрбір эпизодын ауызша айтып, ойластырып, болашақ ұрпаққа аманат етіп табыстаған өзіндік мені бар жеке азаматтар ғой. Олардың есімі белгісіз, аты тарихта қалмады, бірақ олар баяндаған оқиғалар, тұжырымдамалар мәңгілікке сапар шекті. Адам баласы тірі тұрғанда оның өзегін жарып шығатын шығармашылық «өзіндік мен» еш уақытта өлмейтінін кез келген мифтік кейіпкер дәлелдей түсуде. Бұл – халық ұлылығының, жасампаздығының жарқын көрінісі.

«Мәңгілік ел» идеясының потенциялы

Батыстық өмір салтына шұғыл бет бұрып, еліктеу мен басқаны көшіру деп бас алмаған қазіргі қоғам ұлылықтан тым алшақ, ол әсіресе, қызыл мен қарабайыр шуға әуес. Өйткені онда тобыр психологиясы үстемдік етеді. Осындай келеңсіз үдерістен арылып, ұлтты жаңару жолына түсіруге бағытталған бірден-бір жол – «Мәңгілік ел» идеясы.

«Мәңгілік ел» тарихи дәстүрлер мен инновациялық ойлаудың өзара ұшырасуынан туындаған. Оны іс жүзінде орындау үшін, біріншіден, ұлт мүддесін жеке бас мүддесінен жоғары қою керек, екіншіден, білімге құштарлық. Өткені дүрбелеңге толы, алмағайып заманның қиын да күрделі сұрақтарына төтеп беріп, ішкі тұтастық пен өзіндік менді сақтап қалудың бірден бір жолы – білім және оған негізделген біліктілік. Үшіншіден, кез келген салада көнекті нәтижеге жету үшін қажымай, талмай жүйелі түрде еңбек ету керек.

«Мәңгілік ел», ең алдымен, іштен шыққан жауды жеңуге бағытталған. Оның қатарына ашкөздік, дүниеқоңыздық, қызғаншақтық, жеңіл жолмен олжа табуға ұмтылыс сияқты толып жатқан ұсақ адами кемшіліктер жатады.

XX ғасырдың бас кезінде М. Дулатов айтқан «Оян, Қазақ» ұраны әлі де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бізге бұдан былай қалғып, қамсыз жүре беруге болмайды. Халық өз ойын, өз санасына сенуі қажет. Қазақ әр уақытта өзіне-өзі сенген, өзінің табиғи, тарихи биіктігінен, тәкәппарлығынан төмендемеген. Жаманға жалынбаған, жақсыға табынбаған.

Осындай жоғары адами биіктік пен тектілікті сақтап қалудың тетігі, жолы ұлттық менталитеттің інжу-маржандарын бойына сіңірген салт-дәстүр мен ана тіліміз, солардың тараған құндылықтарымыз. Олардың бірден-бір бастауы – қазақ мифтері.

«Мәңгілік ел» – «қырықтың бірі қыдыр» деп, келген адамға жайылып төсек, иіліп жастық болып, сен кімсің демей, жай кір деп қана қоймай, төрге шығаратын, адам болмысындағы тән – жан – рух жүйелерінің мызғымас үндестігін дөп басып, дәл таба алған, табиғат ырғағы мен өз тірлігін ұтымды үйлестіре білген қазақтың киелі де қуатты қасиеттерін бүгінгі ұрпақ бойына дарыту, өзіндік ұлттық болмысты бүгінгі даму стратегиясының түпқазығы етіп алу қажеттілігінен туындаған концепт.

«Мәңгілік ел» концептісінің қайнар көзі – ұлттық діл, тіл, дәстүр, адамгершілік.

Өз ұлтының ділін, тілін, рухани бастауларын, салтын, дәстүрін бойына дарытып, солардың ішкі қуатымен пісіп жетілген адам ғана елін, жерін, мемлекетін сыйлай алады.

Қорытынды

Кез-келген сананы селт еткізетін хикаялық, діни, ғашықтық дастандар, батырлар жыры, топонимикалық, генеалогиялық мәтіндер, мақал-мәтелдер мен магиялық, географиялық, тарихи, новеллалық естеліктер «Бабалар сөзінде» жарық көрген. Осы тарихи-мәдени, әдеби ағыстарға жан бітіріп, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыратын арнаға айналдыру – бүгінгі білім жүйесінің сүбелі мақсаттарының бірі.

Философия, мәдениеттану, өнертану пәндерінде кеңінен пайдалануға болатын маңызды арна – қазақ мифтері. Студенттерге Әлем – Адам қарым-қатынасының көпжақты, көп үнді, қатпар-қатпар қабаттарын түсіндіруде қазақ мифтерінің сырлы әлемі көп көмек көрсете алады. Олардың әр адамға түсінікті баяндалған әрбір жеке мәтіндерінде әлем құрылысы, дүниетанымдық негіздер, адамгершілік талаптары, таным көкжиектері, наным мен сенімдер сөз болады.

Қазақ мифтеріндегі дүниетанымдық ұстанымдарды бүгінгі жастар санасына құйып, олардың бәсекеге қабілетті, шығармашылық қуаты мол, креативті іскер тұлға болып қалыптасуының негізін салу қажет.

Библиография

- ‘Қазақ мифтері’, 2011. *Бабалар сөзі: жүз томдық*. Т. 78. Астана.
Бинашиев, Т. 2016. ‘Көкбөрі’. Алматы, *Егемен Қазақстан*, 24 сәуір.
Қондыбай, С. 2004. ‘Арғы қазақ мифологиясы’, Алматы.

Transliteration

- ‘Qazaq mifteri’, 2011. [Kazakh Myths]. *Babalar sózi: júz tomдық*. Т. 78. Astana.
Binashiev, T. 2016. ‘Kókboro’ [Gray Wolf]. Almaty, *Egemen Qazaqstan*, 24 sáýir.
Qondybai, S. 2004. ‘Arǵy qazaq mifologiasy’ [Further Kazakh Mythology], Almaty.

Резюме

Мусаева Н., Есімова А., Мұсаев Р., «Бабалар сөзі» – неиссякаемый источник концепции «Мәңгілік Ел»

В статье раскрываются духовно-исторические, культурологические истоки национальной идеи «Мәңгілік ел». «Мәңгілік ел» – сакральный, неповторимый исток тюркского мира, пробуждение казахского духа, возрождение его уникального, своеобразного бытия, языка, религии, менталитета. Придание статуса национальной идеи названию тюркского каганата, просуществовавшего с 582 по 630 гг. является символом нашего будущего продвижения по пути прогресса и модернизации.

«Мәңгілік ел» имеет глубокие исторические корни, большое смысловое значение. Хотя и прошло к нам из глубины веков, оно проецируется на вечность, в нем ощущается космический масштаб. В нем заключается нескерпаемый созидательный потенциал и самая убедительная и вдохновляющая национальная идея.

Истоком такой возвышающей величайшей идеи является «Бабалар сөзі» (Слово предков) – уникальный культурный проект, выполненный в рамках государственной программы. В нем сконцентрирован многовековой исторический опыт народа.

Концепт «Мәңгілік ел», означающий вечный народ, вечную страну, и культурное наследие «Бабалар сөзі» (Слово предков) взаимосвязаны между собой исторический и логически.

Ключевые слова: «Мәңгілік ел» (Вечная страна), «Бабалар сөзі» (Слово предков), миф, мифическое сознание, космогонические мифы, антрополого-генеалогические мифы, этимологические мифы.

Summary

Musayeva N., Esimova A., Musayev R. “Babalar sozi” – an Inexhaustible Source of the Concept “Mangilik El”

In this article opened by moral-historical, cultural resources` of the national idea “Eternity nation”. The word of ancestors (“Babalar sozy” – a gracious source of the concept of Eternal Nation “Mangilik El”) Abstraction Eternal Nation “Mangilik El” is a sacred, inimitable source of the Turkic world, the awakening of the Kazakh spirit,

the revival of its unique, its distinctive being, language, religion, mentality. Giving the status of a national idea to the name of the Turkic Khaganate, which existed from 582 to 630, is a symbol of our future progress along the path of progress and modernization. Eternal nation “Mangilik El” has deep historical roots, great semantic value. Though it passed to them from the depths of centuries, it is projected onto eternity, a cosmic scale is felt in it. It contains an inexhaustible creative potential and the most convincing and inspiring powerful national idea. The source of such a great idea that exalts us with you is “Babalar sozy” (The word of ancestors) – a unique cultural project accomplished in the framework of the state program. The historical experience of the people is concentrated in it. The concept of Eternal Nation “Mangilik El”, meaning the eternal people, the eternal country and the cultural heritage “Babalar sozy” (The word of the ancestors) are interrelated both historically and logically.

Key words: “Mangilik El” (Eternal Country or Nation), “Babalar Sozy” (Word of Ancestors), Myth, Mythical Consciousness, Cosmogonic Myths, Anthropological – Genealogical Myths, Etymological Myths.



УДК 342.731

Антон Комаров (Россия)

**КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ НЕКОТОРЫХ АСПЕКТОВ
КООПЕРАЦИОННОЙ МОДЕЛИ ГОСУДАРСТВЕННО-
ЦЕРКОВНЫХ ОТНОШЕНИЙ И ПЕРСПЕКТИВ СВОБОДЫ
СОВЕСТИ В РОССИИ**

(в сравнении с практикой Европейского Содружества).

Аннотация. Сделана попытка критического анализа влияния кооперационной модели государственно-церковных отношений на перспективы развития свободы совести в России в сравнении с европейскими странами и США. Подчёркивается необходимость сохранения и закрепления конституционных принципов свободы совести, развития системы её правовых гарантий.

Ключевые слова: толерантность, свобода совести, гарантия, образование, конфессия, государство, школа, церковь.

Введение

Проблема взаимосуществования религиозных институтов и государства в современном постсекулярном мире является одной из самых актуальных. Стремление религиозных конфессий, особенно наиболее крупных (религиозных монополий), сохранить свой status quo нередко обращено к попыткам поддержать или восстановить исторически отжившую своё корпорацию религиозных и государственных институтов. Постоянное обращение к так называемым «традициям» и нежелание религиозных обществ считаться с реалиями современного мира, а государства поступиться условно «выгодной» для себя «дружбой» с церковью приводит постоянному обесцениванию юридических норм – основного столпа современного государствовстроения. Рассмотрению влияния кооперационной модели государственно-церковных отношений на перспективы развития свободы совести в России в сравнении с европейскими странами и США посвящено данное исследование.

Методология

Эта работа опирается на общегуманитарные и религиоведческие методы: сравнительно-исторический, герменевтический и компаративистский анализ и дескриптивный метод исследования.

Модели государственно-церковных отношений и право на свободу совести: теория и практика

Современное российское государство всё больше склоняется к социальному партнёрству с религиозными организациями вместо провозглашённого действующей Конституцией полного идеологического нейтралитета и отделения религиозных объединений от государства. Л.А. Февралева настаивает, что в целях гармонизации этих отношений необходима *«легитимизация сложившейся практики социального партнёрства между государством и религиозными организациями»* [2009, с. 16]. Это предполагает неприменимый отказ от конституционной сепаратистской модели, хотя закреплённые Конституцией нормы, при их последовательном соблюдении всеми сторонами, никак не препятствуют религиозным объединениям заниматься «социальным служением» в добровольном порядке. Благотворительность, предписанная «социальной позицией», теряет свой изначальный этический смысл, так как вытесняет любовь долгом.

Введение под прикрытием т.н. «социального партнёрства» отношений, фактически вмещаемых в рамки протекционизма, не может обеспечить межконфессионального и гражданского мира. Действительные первостепенные цели крупнейших религиозных объединений – не социальные, а идеологические и экономические [Проникновение в средства массовой информации (СМИ), государственные образовательные учреждения, армию, полицию, бизнес, а также монополизация этих сфер влияния]. Одна из них – отказ от светского принципа в образовании. В европейских странах, чей правовой опыт часто используется в России для оправдания сближения церкви и государства, в юридической практике обязательно имеет гарантированную свободу выбора относительно всех мировоззренческих сторон бытия, а также система прямых и косвенных гарантий, обеспечивающих эту свободу. Так, в австрийской школе предусмотрен заявительный отказ от религиозных занятий: до 14 лет родителями, после – самими учащимися [Робберс Г. (сост.), 2009, с. 19]. В государственных школах Великобритании в 1998 г. введены ежедневные коллективные богослужения *«общехристианского характера и не должно выделять какую-либо конкретную христианскую конфессию»* [Робберс Г. (сост.), 2009, с. 82]. Не каждое богослужение должно быть христианским, но обязательным признаётся их разнообразие. Венгерская система «благоклонного отделения» предусматривает сотрудничество юридически абсолютно равноправных религиозных организаций и государства только для общего блага, особенно в предоставлении социальных услуг. Преподавание религии в венгерских школах носит непредвзятый ознакомительный характер. Церковное образование на добровольной основе, по желанию, оценки не вносятся в аттестат. Учителя *«должны предоставлять объективную информацию о религиях и философских убеждениях»* [Робберс Г. (сост.), 2009, сс. 105-106, 110-111]. Германская

система гарантий свободы совести основана на принципах нейтралитета, толерантности, паритета. Нейтралитет утверждает отказ от проявления симпатий или антипатий в отношении какой-либо конгрегации или религиозной идеологии. Толерантность, кроме непредвзятости, предполагает опору на позитивную терпимость, которую государство обязано развивать в обществе. Паритет предусматривает признание равенства всех религиозных общин и уважения всех субъектов социальных отношений. Как и в Великобритании, в школах Германии (кроме неконфессиональных) обязательное религиозное образование, но родители имеют право на контролирование его получения до достижения учащимся возраста 14 лет. С 14 лет этот вопрос решается самим ребёнком. Государственная школа обязана гарантировать получение религиозного образования при наличии минимального количества детей определённой конфессии [Робберс Г. (сост.), 2009, сс. 130-131, 136-137]. Все коллективные мероприятия, в т. ч. и молитвы в школе проводятся исключительно на добровольной основе [Робберс Г. (сост.), 2009, сс. 131-132]. Религиозная свобода в Германии – гарантированное коллективное право. Испанское законодательство признаёт и гарантирует свободу убеждений и веротерпимость, равенство же религиозных объединений не предусмотрено сложной системой государственно-конфессиональных отношений, разделяющей религиозные общины на несколько неравноправных групп. Важнейшей особенностью осуществления вероисповедной политики Испании является система соглашений с конкретными религиозными организациями, признанными государством. Правовой статус религиозных меньшинств устанавливает Акт о религиозной свободе 7/1980 от 5 июля 1980 г. Испанская система образования предусматривает существование бесплатных государственных школ и частных центров. Религиозные меньшинства не ограничены в праве создания частных школ. *«В то время как государственным школам следует быть идеологически нейтральными, частные школы могут быть идеологически ориентированными»* [Робберс Г. (сост.), 2009, сс. 246, 250-251]. В тех школах, которые финансируются государством, преподавание католической религии предусмотрено по добровольному желанию. В Италии религиозные организации также имеют право на создание частных школ. Теологических факультетов в государственных университетах нет. В определённом порядке предусмотрено самоопределение учащихся (или родителей) относительно посещения уроков католического религиозного образования. Право на осуществление религиозного образования предоставлено 6 религиозным организациям, подписавшим специальное соглашение с государством. Латвия предоставляет учащимся право на религиозное образование в государственных и муниципальных школах по письменному заявлению [Такое право предоставлено лишь пяти христианским конфессиям]. На добровольной основе это право принадлежит и национальным меньшинствам. Другие общины пользуются этим правом только в частных школах. Не желающие посещать религиозные занятия могут заниматься изучением светской

этики. Телогический факультет Латвийского университета – неконфессиональное исследовательское учреждение экуменического характера, направленное на социальные вопросы. Это специфика – стремление к отделению теологии от церкви [Робберс Г. (сост.), 2009, сс. 330-332]. Государственные школы в Нидерландах предусматривают обучение религии на добровольной основе с позитивным уважительным отношением к верованию каждого человека. Обучение гуманистическим (нерелигиозным) верованиям предоставляется на тех же правах, что и религиозным [Робберс Г. (сост.), 2009, с. 432]. Школы Словении, которым выдана государственная лицензия, не могут организовывать религиозного обучения в рамках регулярной программы. Частные школы могут заниматься религиозной деятельностью на внеклассной основе. Религия последовательно отделена от системы образования. Религиозное обучение по личной инициативе граждан возможно только в помещениях религиозных общин. В начальной школе допускается нерелигиозное образование по религии и этике по выбору учащихся. Школы нейтральны к религии и религиозным организациям, а действующий *«принцип автономии запрещает дискриминацию в отношении любого религиозного убеждения и призывает к принципиальной толерантности»* [Робберс Г. (сост.), 2009, с. 556]. В большинстве начальных школ Франции предусмотрен один свободный день, в который родители, по желанию, могут организовывать религиозное обучение за пределами школы. В средней школе по желанию родителей может назначаться капеллан, который проводит занятия иногда внутри школы, иногда вне её и оплачивается из негосударственных источников [Робберс Г. (сост.), 2009, сс. 609-610]. Церковные школы в Чехии лишь формально принадлежат конфессии-учредителю. Они финансируются государством, но состав учащихся не привязан к конфессии, основавшей школу. Конфессия предоставляет лишь помещение и назначает директора. Педагогический состав также не привязан к конкретной конфессии. Религиозное образование в общественной школе Чехии – добровольное. Религиозные предметы нельзя заменить альтернативными, но они проводятся во внеурочное время. В церковных школах религиозное образование тоже добровольное, но предлагается альтернативный предмет – этика. Частные школы самостоятельно формируют отношение к религиозному предмету и характеру его представления [Робберс Г. (сост.), 2009, сс. 646-647].

Влияние кооперационной модели государственно-церковных отношений на практику осуществления принципов свободы совести в России и других странах

Анализ вышеприведённых примеров позволяет сделать вывод о многообразии форм государственно-конфессиональных отношений по отношению к образованию в странах ЕС [Европейское содружество]. Не следует переоценивать роль договорной системы сотрудничества религиозных

объединений и государства; подобные соглашения «скорее отображают систему сотрудничества, нежели устанавливают ее» [Робберс Г. (сост.), 2009], с. 703]. Характер и содержание этих соглашений очень различны. Это можно проследить на примере предоставления различным конфессиям возможности (и степени) участия в жизни государства и общества. Г. Робберс отмечает тенденции к отказу от системы государственных церквей и к признанию права религиозных общин на самоопределение [2009, с. 704]. Свобода религии, как право человека, признаётся почти всеми странами ЕС. Религиозное принуждение почти повсеместно отвергается. К сожалению, в некоторых странах присутствует правовой диссонанс между провозглашёнными правовыми нормами и реальной практикой право применения. Но, в большинстве стран просматривается тенденция к исключению дискриминационного и принудительного элементов законодательства. Немалую роль в этом играют действительные и косвенные гарантии свободы совести. Действительные гарантии свободы совести – это установленные законом, поддерживаемые и реализуемые государством правовые нормы, обеспечивающие непосредственную эффективность и действенность всего комплекса принципов свободы совести. Например, К. Дурэм в своей статье выделяет три наиболее важных из них: нормы запрещения дискриминации, нормы запрещения произвольного принятия решений, право на эффективные средства защиты [Бурьянов С.А. & Костенко Н.В. (сост. и общ. ред.), 2007, сс. 339-346]. Косвенные гарантии (противовесы) – это такие правовые нормы, которые ограничивают дискриминационный эффект основного права через предоставление альтернативных правовых гарантий. Например, упоминаемое выше право добровольного выбора отношения к религиозным занятиям в школе. Наиболее значительным фактором является ориентация самого ЕС и его общего законодательства на поддержание и развитие принципов свободы совести. Правовые и политические институты ЕС стремятся к уважению религиозных потребностей, но не за счёт отчуждения основных прав и свобод иных лиц, а через гибкую систему соотношения правоприменения ЕС и стран-участниц. Это обеспечивается строгим следованием самим принципам свободы совести и иным цивилизованным нормам права, принятым в общеевропейском и международном стандартах, в частности принципу паритета, предполагающему взаимное уважение интересов. Это позволяет укреплять культуру толерантности, развивать национальное и региональное разнообразие, а также обеспечивать право личности или ассоциации на творческую самореализацию. Лиссабонский договор об образовании ЕС предусматривает признание культуры диалога с религиозными организациями и философскими сообществами на принципах равноправия, открытости, систематичности, взаимного уважения, аналогично диалогу с институтами гражданского общества. Свобода религиозных организаций в странах ЕС – важнейший элемент реализации

свободы совести. В различной степени общепризнанным является право религиозной организации на самоопределение. Повсеместно признаётся институциональная независимость религиозных ассоциаций. Даже там, где существуют государственные церкви, эта норма реализуется, по крайней мере, для негосударственных обществ. Религиозные ассоциации имеют равный доступ к институциональным структурам ЕС.

Исследования Ф. Брольо и др. [2008, с. 141] позволяют поставить под сомнение выводы тех, кто настаивает на скорейшей выработки чёткой концепции государственно-конфессиональных отношений для России, а фактически резервировать действующие конституционные принципы. Они подчёркивают сложную систему взаимоотношений государства и религиозно-мировоззренческого фактора в европейских странах, выходящую за узкие рамки известных моделей, а также предлагают изучать эти отношения в контексте целого *комплекса* институциональных и политических элементов. Но, даже краткий анализ и только одной образовательной системы, проведённый выше, позволяет утверждать наличие, позитивного для осуществления права религиозной свободы в странах ЕС, макро- и микро- многообразия типов организации образовательного процесса [Макромногообразие (здесь) – многообразие различных типов отношений государств ЕС к религиозному образованию и его структуре. Микромногообразие (здесь) – многообразие форм предоставления реализации права на религиозное образование в странах ЕС в рамках их образовательных систем]. Существование этого сложного комплекса институциональных и политических элементов направлено, прежде всего, на осуществление прав индивида и идеологической ассоциации на свободу совести и убеждений, а также для создания необходимых правовых гарантий. Российская вероисповедная политика лишь декларативно ориентирована на это. Сдерживающая антимонопольная политика не осуществляется. Т.П. Минченко отмечает повсеместную для России клерикализацию государственных институтов и политизацию деятельности религиозных объединений [2008, с. 34]. Одним из направлений этой политизации является создание т.н. «социальных позиций» религиозных организаций, предусматривающих фактическое декларирование политических предпочтений. Многие современные учёные убеждены, что цель государства не в защите одной или нескольких доверенных религиозных организаций, а самой свободы совести. Т.П. Минченко подчёркивает ведущую роль правовой культуры для создания системы эффективных мер защиты религиозной свободы, а также необходимых государственных гарантий свободы совести. Она считает, что главная угроза свободе совести исходит от конфессионального государства и аналогичного законодательства [2011, с. 42]. А.В. Пчелинцев также разъясняет рамки конституционных принципов свободы совести и подчёркивает, что цель государства состоит в защите самих принципов, а не отдельных религий. Религия, а точнее право её приверженцев на свободу со-

вести, должна интересовать государство только, как общественный субъект [2012, с. 30]. Он обращает внимание на «европейский опыт разделения религиозных организаций на субъекты публичного и частного права» [Пчелинцев А. В., 2012, с. 31]. Субъекты публичного права участвуют в социальных партнёрских программах с государством. Для этого он предлагает для этого выделить 10 основных религиозных конфессий России. Однако все попытки изыскания оснований подобного социального партнёрства основываются не на перспективных целях развития общества, а на правовом попустительстве. Проводя краткое сопоставление традиций государственно-конфессиональных отношений РФ и стран Европы, некоторые исследователи, напротив, считают конституционные принципы свободы совести в России более прогрессивными, по сравнению с европейскими [Верховский А. (сост.), 2003, сс. 241-242]. Практика сохранения государственных религий в ряде европейских стран, названа ими *анахронизмом*. Совершенно справедливо они нацеливают Россию не на копирование нарочито устаревающих европейских норм и стандартов, а на принятие тех принципов и идеалов, которые носят прогрессивный характер, ориентированных на развитие личности и общества. В частности, они акцентируют внимание на то, что принципами международного права принято положение о поощрении и защите прав национальных и религиозных меньшинств [Бурьянов С.А. & Костенко Н.В. (сост. и общ. ред.), 2007, сс. 664-668]. Российское законодательство (кроме Конституции РФ) о религии, напротив, ориентировано на защиту интересов «сильных», поощряет конформизм. Подобное пренебрежение гуманистическим началом законотворчества, отказ от широкого многообразия идеологий и религий не способствует установлению общественного мира и взаимопонимания людей. Равенство религий и идеологий перед законом, предусматривающее полный отказ государства от выражения предпочтения какой-либо доктрине, создаёт основания для мирного сосуществования народов внутри страны. Утверждение идеологического нейтралитета государства и правового равенства религий и идеологий не исключает добровольного социального партнёрства с религиозными организациями [Нуруллаев А.А., & Нуруллаев Ал.А., 2006, с. 76], не препятствует их адептам активно включаться в созидательное социальное служение, а лишь ограничивает их притязания на монопольную власть над душами. Это может выражаться в предоставлении широких прав религиозным организациям, но исключающих какой-либо идеологический протекционизм. К сожалению, в современной России этот вопрос решается путём намеренного искажения изначального конституционного принципа [Выраженного в ст. 13,14,19 Конституции РФ] невмешательства государства в религиозные и идеологические предпочтения граждан. А.В. Логинов даже считает, что «уход государства» из религиозной сферы спровоцировал острые этноконфессиональные конфликты, формирование экстремистских группировок на основе религиозного фанатизма, «экспансию» иностранных

A Conversation With Tariq Ramadan (APRIL 27, 2010). The Pew Forum on Religion & Public Life. URL: <http://www.pewforum.org/2010/04/27/a-conversation-with-tariq-ramadan/> (accessed 02.09.2017).

Double-truth Theory. Encyclopedia Britannica. <https://www.britannica.com/topic/double-truth-theory> (accessed 31.01.2018).

Eco, Umberto. 2007. "From Play to Carnival," in *Turning Back the Clock: Hot Wars and Media Populism*. New York: Harcourt, p. 71-76.

Huntington, Samuel P. 2011. *The Clash of Civilizations and the Remaking of World Order*. New York, Simon & Schuster.

Islam and Science. The Power of Doubt. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=cvCYzZLorV0> (accessed 31.01.2018).

Islam set to become world's largest religion by 2075, study suggests. The Guardian, April 5, 2017 [Jelektronnyj resurs]. URL: <https://www.theguardian.com/world/2017/apr/05/muslim-population-overtake-christian-birthrate-20-years> (accessed 31.01.2018).

Kolchinskiy, I.G., Korsun', A.A., Rodrigues, M.G. 1986. *Astronomy: Biograficheskiy spravochnik* [Astronomers: Biographical reference]. Kiyev, Naukova dumka.

König, Daniel. 2015. *Arabic-Islamic Views of the Latin West: Tracing the Emergence of Medieval Europe*. Oxford: Oxford University Press.

Ramadan, Tariq. 2009. *Radical Reform: Islamic Ethics and Liberation*. Oxford [etc.], Oxford University Press.

Watt, W. Montgomery. 2004. *The Influence of Islam on Medieval Europe*. Edinburgh: Edinburgh University Press.

Watt, W. Montgomery, and Pierre Cachia. 2011. *A History of Islamic Spain*. New Brunswick, N.J. Aldine Transaction.

Түйін

Музыкаина Е.В. Исламдық этикалық перспективтің дінісі – мәдениет

Қазіргі заманғы шынайының дін мен мәдениеттің өзара әрекеттесуіне байланысты жаңа проблемаларды тудырды. Мономәдени шынайылықтың дәстүрлі құрылымы Батыс Еуропаның әлеуметтік құрылымына «басқа» мәдениеттің араласу үрдісіне орын беруде. Аймақта өз тұрғысын бекіткен ислам әртүрлі құндылықтардың үйлесімділігі туралы талқылауға итермелеп жатыр. Мақалада исламның этикалық парадигмасы тұрғысынан өз көзқарасын негіздейтін ең танымал еуропалық мұсылман ойшылдарының бірі Тарык Рамаданның осы мәселе бойынша пікірі қарастырылады.

Оның айтуынша, дін мен мәдениет бөлек қарастырылу жөн, бірақ олардың өзара әрекеттесуіне ерекше мән беру керек. Соңғысы мұсылмандардың қазіргі уақытта тап болып жатқан этикалық қайшылықтар жағдайларында әсіресе шешуші рөлге ие болып. Моральдық бағдарды қолдана отырып Рамадан тек қажетті шешімдерді көрсетіп қана қоймай, бұл үдеріс үшін маңызды жаңа әдіснаманы ұсынады. Ол бүгінгі таңда дін және мәдениет қалайша өзара әрекеттесу керек екендігі жөнінде шешімдерді қабылдау үдерісіне қатысушылар санын, оның ішінде теологтар, профильдік мамандар және қарапайым мұсылмандарды көбейтуде негізделеді.

Түйін сөздер: Тарык Рамадан, дін мен мәдениеттің өзара байланысы, Батыс Еуропа, ислам, этика.

Резюме

Музыкаина Е.В. Взаимодействие религии и культуры сквозь призму исламской этики

Современная реальность ставит новые проблемы, связанные с взаимодействием религии и культуры. Традиционная структура монокультурной реальности уступает место вмешательству «иной» культуры в социальную ткань Западной Европы. Ислам, утвердивший свои позиции в регионе, подталкивает к обсуждению совместимости различных ценностей. В статье представлено мнение по данному вопросу Тарика Рамадана, одного из наиболее известных европейских мусульманских мыслителей, который обосновывает свою точку зрения этической парадигмой ислама. Он утверждает, что религия и культура должны быть разделены, но необходимо серьезно относиться к их взаимному влиянию. Последнее становится решающим в случае тех этических дилемм, с которыми сталкиваются мусульмане в настоящее время. Используя моральную перспективу, Рамадан не только показывает необходимые решения, но и представляет новую методологию, важную для данного процесса. Она основана на увеличении числа участников процесса принятия решений о том, как должны сегодня взаимодействовать религия и культура, и включает теологов, профильных специалистов и простых мусульман.

Ключевые слова: Тарик Рамадан, взаимосвязь религии и культуры, Западная Европа, ислам, этика.

*Бейсенов Бағдат, Шазырбаев Алмасбек
(Алматы, Қазақстан)*

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі орта азия елдеріндегі діни жағдай қарастырылған. Орта Азия елдеріндегі мемлекет пен дін қатынасының өзекті мәселелеріне дінтанулық талдау жасалады. Зайырлы мемлекеттің дін саласын реттеу тетіктеріне кеңінен шолу жасалған. Орталық Азия елдеріндегі мұсылмандық ерекшеліктері: халықтарға ортақ ханафии мазхабы, дәстүрлі халықтық-ғұрыптық діндарлық, сопылыққа тән этикалық ұстаным, шет елдіктердің қаржылық қолдауындағы жаңа исламдық ілімдер мен геосаяси жобалардан туындаған діни ілімдердің таралуы. Қазақстан 2017-2018 жылдары – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі сынды мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: зайырлылық, діндарлық, орталық азия, секулярлық, дін, мемлекет, діни жағдай, діни жаңғыру, қауіпсіздік.

Кіріспе

Адам мен қоғам өмірінде діннің әлеуметтік мән-мағынасын жоғалтуын бейнелейтін және қазіргі заманның ажырамас қасиеті саналған секуляризация ұғымы заманауи әлемде жаңа тұрғыда қарастырылуда. Секулярлы қоғам кеңістігінде діннің саясатқа, экономикаға, мәдениетке ықпалының күшеюі нақты қоғамдық өмірдегі діндарлық пен секулярлық арасындағы арақатынас формасына байланысты өрбиді. Ғылыми-техникалық төңкеріс, жаһандану үдерістері, урбандалу, экономикалық, саяси, мәдени жаңғырулар дін мен діни санаға да ықпал етті. Десекуляризация - бұл секуляризацияға қарама-қарсы тренд, яғни діндарлықтың қайта жаңғыруы, зайырлылық пен дүниелік есебінен қасиеттіліктің қайта жандануы. Бұл трендтің көріністері - діннің зайырлы, мемлекеттік орындарға (мектеп, жоғары оқу орны, әскер, экономика, медицина, мәдениет) кіре бастауы, діни институттардың көркем шығармашылық туындыларына (әдебиет, театр, сурет, кино өнері) цензура қоюға әрекеті. Десекуляризация белгілері – мемлекет пен дін арасалмағының өзгеруі, қоғамдық санадағы діни түсініктердің өсуі, нақты діннің ресми мәртебе алуға қадам басуы. Батыс еуропалық ғалымдар постсекулярлық және постдіндарлық ұғымдары төңірегінде тартысса, постатеистік және постсоциалистік елдер ғалымдары діннің қайта жаңғыруы, діннің қайта оралуы, сакрализациялану, секуляризацияның ақыры тақырыбында пікір таластыруда. Дінмен байланысты жаһандық қоғамдық санада туындайтын сұрақтар діни толеранттылық пен сұқбат, жаһандық террорлық, радика-

лизация, исламофобия, діни фанатизм төңірегінде өрбиді. Постсекулярлы қоғамда секулярлы және түрлі діни топтардың бейбіт және өзара келісімде өмір сүруі үшін түсіністік қағидалары қандай болуы тиіс. Постсекулярлы жағдайда діни идеялар мен діни институттардың қоғамдық өмірге ықпал етуі деңгейінің шекарасы қандай болмақ. Ұлттық сананың дамуындағы діннің орны және қоғамдық өмір модернизациясында діннің атқарар рөлі қандай. Адам санасының радикализациялануының түрткілері және терролық әрекеттердің саяси, әлеуметтік, діни, ұлттық, дүниетанымдық, психо-патологиялық себептерін қалай айқындаймыз. Міне осы сауалдар қоғамдық психология мен санадағы түйткілді мәселелер. «Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз. Әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі» [Назарбаев 2017]. Қазіргі батыс еуропалық қоғамды постсекулярлы ретінде анықтау үшін негізгі үш құбылыстан туындаған санадағы өзгерістер нақты айқындалуы тиіс. Біріншіден, қазіргі әлемде болып жатқан түрлі қақтығыстардың діни негізде болғандығын хабарлайтын БАҚ ықпалымен қоғамдық сана өзгеруде; екіншіден, либералды қоғамдағы діни қауымдар кейбір қоғамдық немесе саяси оқиғаларды өзінше түсіндіруі қоғамдық санаға әсер етуде; үшіншіден, дәстүрлі мәдениетті ұстанатын елдерден келуші жұмысшы күштер және босқындардың тұрақты иммиграциясы еуропалық азаматтар санасына ықпал етуде. Неміс философы Ю.Хабермас осы үш факторды негізге ала отырып секулярлы батыс қоғамын постсекулярлы деп атайды. Ғаламтор және әлеуметтік желілер, алпауыт елдердің геосаяси жобалары мен идеологиялық бәсекелестігі, маргиналды құбылыстар пен постмодерндік ұстаным діннің және діндарлықтың жаңа құбылысы радикалды идеология мен діни сенімнің күмәнді формаларын тудырды. Заманауи әлемде нақты дін мен идеологияға негізделген саясат, партия, экономика, құқық, мәдениет, өнер секулярлықтың Жаңа заманда орныққан үлгісіне сымайды. Жаһанданған адамзаттың қоғамдық психологиясы мен өміріне діннің ықпалы өсуде, демек зайырлылық пен діндарлықтың өзара әріптестігінің әділетті заманауи тетіктерін даярлау қажет. Қазіргі қоғамдағы модернизациялық үдерістер діни және зайырлы сананы қамти отырып, оны өзгертуде. Секуляризация бұл дінге қарсылық емес, діннің заң аясында өркениетті қызмет жасауы, демек постсекулярлы қоғамда секулярлық пен сакральдылық бірін-бірі толықтырушы. Секулярлы қоғам діндегі бауырмалдық, рухани кемелдену, мейірімділік, қайырымдылық сынды құндылықтардан үйренуі тиіс. Постсекулярлы кеңістікте зайырлы және діни институттар азаматтарды біріктіру үшін теңдік, әділеттілік, әріптестік, түсіністік қағидаларын ұстануы тиіс. Секулярлық дінге қарсылық емес. Се-

кулярлы қоғамда діни институттар қоғамды біріктіруші қызмет атқаруы тиіс. Қазіргі орталық азия елдеріндегі діни жағдай және діндарлық деңгейі тілдік, ділдік, діни дәстүр жақындығымен және дін саласындағы мемлекеттік саясат қағидаларының ұқсастығымен айқындалады.

Әдіснама

Мақалада жалпы тарихи элеуметтік құбылысы және діннің мәнін кешенді түрде қарастыруда диалектикалық әдіс қолданылды. Сонымен қатар мақала барысында салыстырмалы және жүйелі сараптау, тарихи-логикалық, компаративистік әдіспен қатар ғылыми зерттеудің дәстүрлі әдістері анализ, синтез, абстракциялау және жалпылау қолданылды.

Негізгі бөлім

Түркіменстан халқының 80 пайызының астамы сүнниттік бағыттың ханафии мазхабын ұстанады. Түрікменстан зайырлы қағидатты ұстанатын ел. Ел халқының 7-8 пайызы православ сенімінде. Ел аумағында дінді саяси мақсатта пайдалануға тыйым салынған. 1994 жылы құрылған дін істері бойынша кеңес (Генгеши) дін саласын мемлекеттік қадағалау мен реттеу қызметін атқарды. 1990 жылдардың ортасында елдің Ауғанстанмен шекаралас аймағында радикалды діни ілімдер көрініс бере бастады. 1997 жылы «Ар-ұждан және діни ұйымдар туралы» заңға толықтырулар енгізілді. Барлық діни ұйымдар қайта тіркеуден өтті. Тіркеуден өтпеген діни ұйымдарға діни қызмет жасауға тыйым салынды. Діни қауымдардың қаржылық, қайырымдылық, білім-ағартушылық қызметіне және кадрлық ұстанымына шектеулер қойылды. Шет елдік уағызшылар мен дін қызметкерлері жұмысына тыйым салынды. Шетелдік діни әдебиеттерді ел аумағына алып келуіне тыйым салынды. Елдегі шииттік (Әзірбайжандар мен Ирандықтар) қауымдардың шақыруымен келген Ирандық уағызшылар елден шығарылды. Шииттер Иранмен шекаралас аудандарда және Туркменбаши қаласында тұрады. Мешіттердегі діни оқу курстары қайта тексеруден өткізілді. 1999 жылы Чарджоу қаласындағы медресе жабылды. 2003 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни ұйымдар туралы» жаңа заңға сәйкес тіркелмеген діни бірлестік жұмысына қатысушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болды. Мүшелер саны 500-ге жеткен діни ұйымдар тіркеуден өтті. Мешіт имамдарын тағайындауға мемлекеттік құрылымдардың ықпалы өсті. Жеке меншік құқығындағы діни оқу орындарын ашуға тыйым салынды. Жоғары діни оқу орындарын құру тек дін істері кеңесі құзіретіне берілді. Дінбасылық лауазымға діни білімді елден алған түркіменстан азаматы лайық деп саналды. Әділет министрлігінің рұқсатынан кейін ғана шет елдік демеушілердің қаржылай көмегін алуға

рұқсат етілді. АҚШ-ның «халықаралық діни сенім бостандығы туралы Акт» сәйкес қысымынан кейін 2004 жылы тіркелмеген діни бірлестік жұмысына қатысушыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту бабының күші жойылды. 2016 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни ұйымдар туралы» жаңа заңда діни бірлестікті тіркеу үшін кәмелет жасындағы 50 түркіменстан азаматтарының өтініші жеткілікті және діни бірлестіктің жарғысы болуы тиіс. Жасырын діни қызметке тыйым салынады. Шет елден берілетін тегін және гранттық көмектер міндетті түрде тіркелуі тиіс. Мемлекет меншігіндегі діни бағыттағы мүліктер мен діни ғимараттарды діни ұйымдарға тегін берілуі заңда бекітілді. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында дінді оқытуға тыйым салынды. Діни білім беру орындарына қатаң талап қойылды. 2016 жылы діни ұйымдармен жұмыс бойынша және діни мазмұндағы баспа өнімдерін сараптау арнайы комиссиясы құрылды. Комиссия құзіреті: діни ұйымдардың қызметін және азаматтардың діни ұйымдар үстінен жазған арыз-шағымдарын қарау, шет елдік діни ұйымның басшысын қызметке тағайындау, шет елдік діни әдебиеттерге сараптама жасау, дінтанулық сараптама қорытындысын беру, діни ұйымдарды тіркеуге ұсыныс беру, діни білім беру ұйымын ашуға ұсыныс беру, жергілікті билік орнымен бірге діни ғимарат құрлысына рұқсат беру. Түркіменстанда ораза айтта бір күн, құрбан айтта үш күн демалыс берілген. Зерттеушілердің пікірінше, көшпенді өмір салтын ұстанған байырғы түркімендердің бүгінгі буыны діннің ғибадаттық формасын емес, халықтық діндарлықты ұстанады. Алайда кедейшілік, еркін ойшылдықты қудалау, мешіттерді жаппай бақылау, сыртқы күштердің ықпалы, ауғанстандағы тұрақсыздық діни жағдайға кері әсер етуі мүмкін.

Өзбекстан зайырлы мемлекет. Негізгі заңда барлық діндердің заң алдындағы теңдігі, мемлекет пен діннің бөлінуі нақты айқындалған. Ел аумағында дінді саяси мақсатта пайдалануға тыйым салынған. Өзбекстан халқының 93 пайыздан астамы сүннитік бағыттың ханафии мазхабын ұстанады. Бұқара және Самарқан аймақтарында шииттік (ирандықтар мен әзірбайжандар) қауымдар бар. Бұл аймақтарда шииттік мешіттер жұмыс жасайды. Шииттер құлшылықтарын көбіне үйлерде және сүнниттік мешіттерде өткізеді. Шииттік имамдар діни білімді елдегі медреселерден алады. Ел аумағында 16 конфессияға тиесілі 2400 аса діни бірлестіктер бар. Діндар мұсылмандар ӨМДБ құзіретінде. Ел аумағында ислам университеті және ислам институты, оннан аса медреселер жұмыс жасайды. 2017 жылы ислам өркениеті зерттеу орталығы құрылды. Елдегі исламтанулық білім беру жүйесі бірізді және бірыңғай оқыту бағдарламасын ұстанады. Кәмелеттік жасқа толмағандардың мешітке баруы қатаң бақыланады.

1999 жылы Ташкент және басқа қалаларда болған жарылыстан соң шет елдердің діни оқу орындарында оқитын студенттер елге қайтарылды. Елдегі шет елдік діни оқу орындар жабылды. Орталық азия елдерінде Өзбекстан

ислам қозғалысы ұйымы қызметіне тыйым салынған. Бұл террорлық ұйым Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде террорлық қылмыстар ұйымдастырды.

Қырғызстан зайырлы мемлекет. Елдегі діндердің заң алдындағы теңдігі, мемлекет пен діннің бөлінуі негізі заңда айқындалған. Қырғызстан мұсылмандары сүннитік бағыттың ханафии мазхабын ұстанады. Қырғызстанда 3700 аса мешіттер болса, 700 мешіт Ош облысы аумағында орналасқан. Ош облысында діни ахуал басқа аймақтарға қарағанда өзгеше. Бұл аймаққа ферғана жазығының ахуалы және этноконфессионалды ерекшелік ықпал жасайды. Қырғызстанда түркия тарапының қолдауымен ашылған діни оқу орындары жұмыс жасайды. Қырғызстан мұсылмандар діни басқармасының «Ислам Маданияты» газеті, Джалал-Абад казиаттының «Мұсылман», Баткен казиаттының «Ислам авазы» газеттері ислам құндылықтарын насихаттайды. Мешіт имамдары-Мысыр, Түркия, Пәкістан, Иордания, Сирия және елдегі діни оқу орындарын бітірген.

Тәжікстан зайырлы мемлекет. Елдегі діндердің заң алдындағы теңдігі, мемлекет пен діннің бөлінуі негізгі заңда айқындалған. Тәжіктердің тілі парсы тобына жатады. Тәжікстан мұсылмандары сүннитік бағыттың ханафии мазхабын ұстанады. 2009 жылы ұлы имам Әбу Ханифа жылы деп жарияланды. Таулы Бадахшанда шиит-исмаилиттер қауымы бар. Исмаилитік ілімді памир (вахандықтар, бартангдық, рушан, ишкашим, шугнан) халықтары ұстанады. Исмаилиттер ағымы алтыншы шиит имамы Жафар ас-Садықтың ұлы Исмаил есімімен байланысты қалыптасқан. Исмаилиттік ілімі бойынша имамат мұрагерлікпен беріледі. Исмаилит-низариттер қауымының діни жетекшісі имам IV Ага-хан. 2009 жылы Душанбе қаласында шиит-исмаилиттер орталығы ашылды. IV Ага-хан Таулы Бадахшандағы шиит-исмаилиттер қауымына гуманитарлық көмек көрсетеді. Орталық Азия елдерінде Ага-хан қоры білім беру жобаларын қаржыландырады. Aga Khan Development Network аясында білім беру, әлеуметтік-экономикалық, мәдени ұйымдар жұмыс жасайды. 2002 жылы IV Ага-хан қоры Тәжікстан, Қырғызстан таулы аймақтарында Орталық Азия университетінің филиалдарын ашуды ойластырды. 2003 жылы Алматы облысының Текелі қаласында университет филиалының іргетасы қаланған болатын. Ел аумағында 3000 аса мешіт және 19 медресе бар. 2009 жылы Тәжікстанда «Салафия» қозғалысына сот шешімімен тыйым салынды. 2014 жылы Тәжікстан жоғары сот қаулысымен «Салафия» діни ағымының қызметі экстремистік деп танылды. 2005 жылы Тәжікстан білім министрлігі мектептерде хижаб киюге тыйым салды. 2011 жылы мешіттерде дауыс күшейткішпен азан шақыруға тыйым салынды. 2013 жылы Иран, Мысыр, Ливия, Сауд арабиясы елдеріндегі діни оқу орындарында оқитын студенттерін кері шақырып алды. Тек арнайы тексеруден соң шет елдің діни оқу орындарында білім алуға рұқсат етіледі. Мемлекеттік және жеке бала-бақшалар және мектептерде, үйлерде діни уағыз жүргізуге тыйым салынды. Әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмағандардың мешітке

баруына тыйым салынды. Дін істері комитетінің өкілдері барлық діни ішараларға қатысуға өкілетті және мешіт имамдарын тағайындау дін істері комитетімен келісілетін болды. 2014 жылдан мешіт имамдары мемлекеттен жалақы алатын болды. 2015 жылы орталық азия елдеріндегі бірден-бір діни партия – Тәжікстан ислам қайта өрлеу партиясына тыйым салынды. Ел аумағында террорлық және экстремистік сипаттағы 15 ұйым қызметіне тыйым салынған. 2017 жылы жоқтауды дауыстап айтуға, шашты жұлып және топырақ шашып жылауға тыйым салынды. Діндар азаматтардың сақалы 3 см аспауы тиіс. Өзбекстан және Тәжікстандағы діни ахуалға Ауғанстандағы саяси-діни үдерістер әсер етуі мүмкін. Посткеңестік мұсылман елдеріне салафизм ағымының екі нұсқасы – мадхалия және суррия таралған. 1990 жылы Ирактың Кувейтті жаулап алуынан соң Сауд арабиясы аумағына АҚШ әскерінің орналасуына («шөлдегі дауыл» операциясы) қарсы болған Мұхаммет Сурури бастаған топ және шет елдік әскерилердің елге келуін, яғни билік ұстанымын жақтаған Раби ибн Хади әл Мадхали тобы пайда болғаны белгілі. Қазіргі орталық азияның діни кеңістігінде салафиилік және сопылық топтар арасында дүниетанымдық пікір-сайыстар орын алуда. 1990 жылға таман кеңес үкіметінің басшылығы қайта құру саясаты аясында дінге қатысты төзімді саясат жүргізе бастады. Бұл жариялылық саясаты түрлі наным-сенімдердің кең таралуына жол ашты. Кейбір діни ілімдер шет елдік қаржылық және саяси топтардың, арнайы қызметтердің қолдауымен үгіт-насихат жүргізді.

Қорытынды

Қазіргі таңда Орталық Азия елдеріндегі діни жағдай қалыпты. Орталық Азия елдерінің дін саласындағы мемлекеттік саясаты – зайырлылықты ұстану, мемлекет пен дін қатынасын зайырлы тұрғыда жетілдіру, діни жағдайды құқықтық-заңнамалық реттеу, халықтық діндарлық пен дәстүрлі діни құндылықтарды қолдау көрсету. 2007 жылы орталық Азия елдерінің мүфтилер кеңесі құрылды. Орталық Азия елдеріндегі мұсылмандық ерекшеліктері: халықтарға ортақ ханафии мазхабы, дәстүрлі халықтық-ғұрыптық діндарлық, сопылыққа тән этикалық ұстаным, шет елдіктердің қаржылық қолдауындағы жаңа исламдық ілімдер мен геосаяси жобалардан туындаған діни ілімдердің таралуы. Қазақстан 2017-2018 жылдары – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесіне сайланды. «Осы шешім арқылы Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстан Республикасының бейбітшілік сүйгіш көпвекторлы саясатына жоғары бағасын беріп отыр» [Әшімбаев 2017]. Еліміз БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің – Ауғанстан мәселелері, ДАИШ және әл-Каеда террорлық ұйымдарына қарсы күресті үйлестіру, Эритрея-Сомали сынды тұрақты комитеттері жұмысына төрағалық жасайды. Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі

ретіндегі қызметі орталық азия аймағында тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталады. 2017 мамырда Эр-Риядта өткен «АҚШ-Араб ислам әлемі» Саммитінде жаһандық терроризммен күресте ислам дүниесі (сүнниттік мемлекеттер) елдерінің әріптестігің күшейту мәселесі көтерілді. Эр-Риядта экстремизм және терроризммен күрес халықаралық орталығы құрылды. Бұл саммитке иран шақырылмады. Бұл жиын аймақтағы сүнниттік араб елдері және иран арасындағы бәсекелестікті күшейтіп, өзара қарым-қатынасқа салқынын тигізетіні анық.

Орталық Азия елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық және демографиялық үдерістер, қарқынды урбанизация, дәстүрлі қоғамнан постмодерндік және постиндустриалды ақпараттық қоғамға қарай секіріс жасау, әлеуметтік-экономикалық мәселелер кедейшілік, жемқорлық және бәсекелес елдердің геосаяси және геоэкономикалық мүдделерінің қақтығысы діни негіздегі экстремизмнің өсуіне ықпал етуі мүмкін алғышарттар. Діндарлар санасының радикализациялануының алдын алу іс-шаралары ең алдымен дін саласындағы мемлекеттік саясаттың пәрменділігін арттыру, азаматтық қоғам институттардың тиімді жұмыс жасауын арттыру, жастардың әлеуметтенуі мен қоғамдық өмірге ат-салысуын жетілдіру, дәстүрлі діл мен зайырлы қағидатқа сай діндарлық мәдениетін қалыптастыру, әсіредіншілдіктің себептерін айқындау, әлеуметтік аз қамтылған топтармен жұмысты тиімді жүргізу, дәстүрден тыс ілімдердің қоғамдық сана мен өмірге тигізер кері әсерін кешенді түрде көрсету, аймақтағы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу, діни жағдайға қатысты тәжірибе алмасу, аймақтағы діни жағдайды талдаудың еларалық біріккен орталығын құру, ортаазиялық ғұлама ғалымдардың еңбектерін аудару, ірі және моноқалалардағы діни ахуалға үнемі талдау жүргізу. «Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа-эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді» [Назарбаев 2017]. Орталық Азия елдерінің тұрақтылығы мен заманауи өркендеу жолы-зайырлы қағидатта негізделген. Тарихи қалыптасқан мәдени-рухани жағдай, дәстүрлі діни мәдениет, ортақ киелі орындар мен әулиелер культі, халықтық діндарлық, сүнниттік бағыт (матрудилік ақида) және ханафиттік ғибадат жолы орталық азия мұсылмандарын достық пен рухани келісімге жетелейді деп сенеміз.

Библиография

- Назарбаев, Н.Ә. 2017. 'Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру'. *Қазақ әдебиеті*. 14 сәуір.
- Өшімбаев, М. 2017. 'Бұл – халықаралық қоғамдастықтың жоғары сенімі'. *Егемен Қазақстан*. 1 қаңтар.

Transliteration

Nazarbaev, N.Á. 2017. ‘Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý’ [Course Towards the Future: Modernization of Kazakhstan’s Identity]. *Qazaq ádebiyeti*. 14 sáyir.

Áshimbaev, M. 2017. ‘Bul – halyqaralyq qoǵamdastyqtyń joǵary senimi’ [This is the High Trust of the International Community]. *Egemen Qazaqstan*. 1 qańtar.

Резюме

Бейсенов Б., Шагирбаев А. Государство и религия в Центральной Азии

В этой статье рассматривается религиозная ситуация в современных азиатских странах. Религиозный анализ актуальных вопросов отношений между государством и религией в странах Центральной Азии. Всесторонний обзор механизмов светского государственного регулирования светского государства, в странах Центральной Азии: обычные ханафитские мазхабы, традиционный фольклор, религиозные, суфийские этические принципы, новые исламские учения.

Ключевые слова: Секуляризм, религиозность, Центральная Азия, религия, государство, религиозная ситуация, религиозное возрождение, безопасность.

Summary

Beisenov B., Shagirbaev A. The State and Religion in Central Asia

This article examines the religious situation in modern Asian countries. Religious analysis of topical issues of relations between the state and religion in the countries of Central Asia. In a comprehensive review of the mechanisms of secular state regulation of a secular state, in the countries of Central Asia: ordinary Hanafi madhhabas, traditional folklore, religious, Sufi ethical principles, new Islamic doctrines.

Keywords: Secularism, Religiosity, Central Asia, Religion, State, Religious Situation, Religious Revival, Security.



*Асқар Әкімханов, Алау Әділбаев, Еркінбек Шоқай
(Алматы, Қазақстан)*

**ӘБУ МАНСУР ӘЛ-МАТУРИДИДІҢ ДІНДЕГІ
«ҮЛКЕН КҮНӘ» ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМЫ ЖӘНЕ
(АЛҒАШҚЫ ТАКФИРИТТЕР) ХАРИЖИТТЕР
МЕН МҰҒТАЗИЛИТТЕРГЕ ЖАУАБЫ**

Аннотация. Ислам тарихында «үлкен күнә» (кәбира) мәселесі ең алғаш харижиттер тарапынан көтерілді. Олар әубаста «күпірлік» ұғымын негізге ала отырып, осы ұғыммен байланысты әртүрлі теологиялық мәселелерді көтерді. Солардың ең маңыздысы «күнәһар мүмін» мәселесі-тін. Харижиттер адамға ішкі сенімінен гөрі, сыртқы іс-әрекеттеріне қарап баға беретін болған. Олардың түсінігі бойынша, адамның кәміл мұсылман болуы үшін жүректегі сенім/иман жеткіліксіз, жүректегі сеніммен бірге, соған лайық іс-әрекеттердің/амалдардың болуы және күнәлардан тыйылу міндетті. Осыған орай харижиттер діндегі амалдар мен үкімдерге, яғни діни практикаға ерекше мән берді. Бірақ олар бұл мәселеге де біржақты қарады. Нақтырақ айтқанда, теріс жағынан қарады деуге болады. Олар кемел мұсылман қоғамы қандай болу керек деген мәселеге келгенде, діндегі амалдар мен үкімдердің орындалуынан гөрі, олардың тәрк етілмеуі мәселесіне, сауапты істерден гөрі, күнәлі істердің орын алмауына баса назар аударды. Басқаша айтқанда, олар мұсылман қоғамын іс жүзінде жат элементтерден тазартуды ең үлкен міндет санап, «кім тақуа» дегеннен гөрі, «кім күнәһар», сондай-ақ «кім мүмін» дегеннен гөрі «кім кәпір» деген санамен және ұстаныммен әрекет етті. Осылайша олар шынайы мүмінге қойылатын талаптарды тым күшейтіп әрі қиындатып жіберді. Олардың түсінігіндегі идеалды мүмін – діннің барлық талаптарын мүлтіксіз орындайтын, тыйғандарынан толық тыйылатын, күнә атаулыдан ада, іші де, сырты да кіршіксіз болуы керек-тін. Бұл түптеп келгенде, адамның жаратылысымен, табиғатымен және психологиясымен санаспау еді. Нәтижеде исламда «такфиризм» тенденциясы пайда болып, белең алды. Имам Матуриди өзінің бұл мәселе бойынша басты оппоненттері мұғтазилиттер мен харижиттердің ұстанымдарын терістегенде алдымен Құрандағы «үлкен күнә» ұғымын дұрыс пайымдау мәселесіне баса назар аударған. Ол «үлкен күнә» ұғымын пайымдап, талдағанда әрі түсіндіргенде негізінен Құран аяттары мен лексикасын контекстуалды тұрғыдан талдау және пайымдау әдісін, Құранды Құранмен интерпритациялау әдісін және хадистерді және ғалымдардың көзқарастарын басшылыққа алған.

Түйін сөздер: «үлкен күнә», мүмін, сунниттер, харижиттер, мұғтазилиттер, такфиризм, теология, иман, амал

Кіріспе

Алғашқы кәләм ғалымдары діндегі «үлкен күнә» ұғымына жан-жақты талдау жасаған емес. Олар бұл ұғымды белгілі деңгейде көмескі күйінде қалдырып, бар назарын мұсылман үмбетінің ішіндегі «үлкен күнә» жасаған адамның діндегі статусының қандай болатынына аударды. Нақтырақ айтқанда олардың ой-санасындағы басты мәселе «үлкен күнә» ұғымы емес, үлкен күнәһар (муртакиб әл-кабира) еді. Яғни оларды мазалаған мәселе мынау еді: Үлкен күнә жасаған мұсылман шынымен мұсылман ба?! Егер олай болмаса, оны сенім тұрғысынан қандай санатқа жатқызуға болады?! Бұл құбылыс харижиттер тарапынан принциптік тұрғыдан көтерілген аса маңызды мәселенің жалғасы және соның теориялық тұрғыдан қолға алынуы еді [Изутсу 1984].

Үлкен күнә жасаған мүмін мәселесіне қатысты мұсылмандар арасында әртүрлі көзқарастар болды. Нақтырақ айтқанда ислам теологиясы тарихының алғашқы кезеңдерінде үлкен күнәһарға қатысты жалпы алғанда төрт түрлі көзқарас пайда болды:

1. Үлкен күнә жасаған мүмін – кәпір, тіпті мүшірік болады; (харижиттер)
2. мұсылман, мүмін болып қалады; (муржия және әһл әс-суннә/әһл хадис, матуридилер және әшғарилер)
3. мұсылман да емес, кәпір де емес, екеуінің арасындағы өз алдына бөлек категорияға жатады; (мұғтазилиттер)
4. мұнафық болады. (Хасан әл-Басри)

Харижиттер жалпы алғанда үлкен күнә жасағанның бәрін жаппай кәпір санаған, тіпті үлкен күнәні былай қойғанда кішігірім күнәларды жасағанның өзін кәпір санауға дейін барды [Ләмиши 1995]. Дегенмен Изутсу мұндай ұстанымды харижиттердің бәріне бірдей телу дұрыс емес деген пікірді алға тартады. Өйткені харижиттік топтардың барлығының бұл мәселеге қатысты бірыңғай ұстанымда болмағаны тарихтан белгілі [Изутсу 1984].

Ал харижиттік ұстанымға кереғар муржииттік доктринаға келсек, «үлкен күнә жасаған мұсылман иманы жараланбаған кәміл мүмін, мұндай адам өмірінде бірде-бір ізгі іс істемеген және бірде-бір жамандықтан тыйылмаған болса дағы нәтиже өзгермейді» [Ибн Хазм 1995]. Негізі үлкен күнә жасаған мұсылман мәселесіне қатысты муржийттік доктрина харижиттік санаға қарсы пайда болған төзімділік пен толеранттылықтың көрінісі еді дегенге болады. Дегенмен, алғашқы кезеңдерде бұл доктринаның теологиялық мәніне қарағанда, саяси мәні басым болды. «Иржа» доктринасының негізгі мәні белгілі бір субъектінің мүмін немесе кәпір екеніне қатысты берілетін «кесімді үкімді кейінге қалдыру немесе тоқтата тұру» дегенді білдіреді. Алғашқы кезеңдерде бұл доктрина әділетсіздікпен танылған саяси билік өкілдерін күпірлікпен айыптауға қарсы болуды немесе мұндай мәселелерге мүлдем араласпауды білдіретін еді. Муржиялар осы ұстанымдары үшін

қарсыластарының сынына ұшырады. Уақыт өте келе муржийттік доктрина таза теологиялық сипатқа ие бола бастады. Нақтырақ айтқанда, муржиялар «иржа» (үкімді кейінге қалдыру, шегеру немесе тоқтатып қою) принцибін негіздеу әрі нақтылау үшін жүйелі түрде «иман» ұғымының түпкі мәні мен болмысына (хақиқат әл-имән) қатысты жаңа теория қалыптастырып, дамыта бастады. Харижиттерге қарағанда муржиялар анағұрлым зейінді әрі талдау жасау қабілеті жоғары теоретиктер еді. Осылайша бұлар ислам теологиясының негізін қалады [Изутсу 1984].

Мұғтазилиттердің үлкен күнә жасаған мұсылман мәселесіне қатысты ұстанымы «әл-мәнзилә бейнә-л-мәнзиләтейн» (бір-біріне кереғар екі категория арасындағы тәуелсіз категория) деген тезиске негізделетіні белгілі. Яғни мұғтазилиттердің ұстанымы бойынша үлкен күнәһар мүмін де, кәпір де емес, екеуінің арасынан орын алатын өз алдына бөлек үшінші категорияға жатады. Басқаша айтқанда, үлкен күнәға батқан мүмін иманынан айырылады, алайда толыққанды кәпір болмайды. Ендеше ол мүмін немесе кәпір деп емес, «фасиқ» деп аталады. Егер үлкен күнә арқалаған «фасиқ» бұл дүниеден күнәсі үшін тәбуе етпей өтетін болса, тозаққа мәңгі-бақи азап шегеді. Мұғтазилиттер үлкен күнәһарға қатысты мұндай аяусыз үкімді Құрандағы күнәһарларға қатысты келген қатаң ескертуді білдіретін аяттарға (әйәт әл-уә'ид) сүйеніп айтқан [Ләмиши 1995]. Харижиттер мен мұғтазилиттердің үлкен күнәһарға берген атаулары әртүрлі болғанымен, соңғы нәтиже тұрғысынан алып қарағанда екеуінің тұжырымы бірдей. Мұғтазилиттер үлкен күнәһарды харижиттер сияқты кәпір деп атамағанымен, тәубе етпеген жағдайда ақиреттегі жазасының мәңгілік тозақ оты болатынын алға тарту арқылы харижиттердің ұстанымын құптауда.

Ал үлкен күнәһар (фасиқ) мүмін де, кәпір де емес, мұнафық дейтіндердің тезисі мұғтазилиттердікіне ұқсайды. Мұғтазилиттер де үлкен күнәһарды мүмін немесе кәпір деп емес, «фасиқ» деп атап, екеуінің арасындағы тәуелсіз категорияға жатқызған болатын. Үлкен күнәһар мұнафық деген тезисті ең алғаш алға тартқан алғашқы буын мұсылмандарының маңдайалды өкілі әрі белгілі ойшыл, тақуа ғалым Хасан әл-Басри еді. Бұл тезис ислам теологиясы тарихының ерте кезеңдерінен бастап Хасан әл-Басриге телініп келді. Дегенмен профессор Ханс Риттердің пайымдауынша, бұл тезис Хасан әл-Басри тарапынан емес, одан кейінгі кәләм ғалымдары тарапынан, аталмыш тақуа ойшылға тән «діндар адам» ұғымы негізінде алға тартылған болса керек. «Діндар адам» ұғымы болса, Хасан әл-Басридің терең әрі ауқымды діни практикасынан туындаған ұғым.

«Әһл хадис», матуридилер және әшғарилерден құралған сунниттердің үлкен күнә жасаған мүмін мәселесіне қатысты ұстанымын әл-Ләмиши былай баяндайды: «Мүміндерден үлкен күнә жасағандар егер күнәні адал санап (мустахиллән), күнәдан тыйғанды елемей, менсінбей (мустахиффән) немесе күнәдан тыйғанға әдейі қасарысып, қарсы шығу ниетімен (‘ала қасдый

әл-‘исян) жасаса, ондай күнәһар Аллаға күпірлік қылған болады. Ал егер күнә нәпсіқұмарлыққа бойалдыру, жалқаулық, ашу-ыза, тараптарлық немесе тәкаппарлықпен жасалатын болса, сондай-ақ күнәһар жасаған күнәсі үшін Алланың өзіне тартқызатын азабынан іштей қорқатын әрі мейірімі мен кеңшілігінен үміттенетін болса, онда оның аты күнәһар мүмін (му’мин фәсиқ) болады. Оның үкімі – егер тәубе етсе, күнәсі кешіріледі, ал егер тәубе етуден бұрын қайтыс болса, тағдыры Алланың қалауына байланысты болады: Қаласа, шексіз шарапатымен, мейірімімен немесе пайғамбардың яки әулие құлдарының шапағатымен оны кешіреді, қаласа, (әділдігімен) жасаған күнәсі мөлшерінде азаптап, кейін жәннатқа кіргізеді» [Ләмиши 1995]. Ләмишидің бұл сөзі имам Матуридидің үлкен күнә жасаған мүмінге қатысты тұжырымына толық сай келеді [Матуриди 2005].

Әдіснама

Мақалада ислам дініндегі «үлкен күнә» және күнәһар мүмін мәселесі негізінде ислам тарихындағы ең алғашқы такфириттік құбылыс болған харижиттік сананы терістеуге бағытталған имам Әбу Мансур әл-Матуридидің ғылыми теологиялық тұжырымдары сараланды. Осыған орай зерттеуде негізінен теологиялық және герменевтикалық әдіс, контекстуалдық талдау, компаративистикалық талдау әдісі сынды ғылыми әдіс-тәсілдер басшылыққа алынды.

Негізгі бөлім

Матуридидің үлкен күнә жасаған мүмін (муртакиб әл-кабира) мәселесіне қатысты ұстанымы өзіне дейінгі ханафи ғалымдарының ұстанымымен толық үйлеседі. Алайда ол бұл мәселеде өзіне дейін қалыптасқан ханафиттік доктринаны қайталаумен шектелмейді. Ол өзіне тән ғылыми-полемикалық әдіс негізінде аталмыш мәселеге қатысты дәстүрлі доктринаны діни мәтін (насс) және ақылға негізделген дәлелдермен қуаттап, оппоненттерінің ұстанымдарын терістейді. Матуридидің бұл мәселе бойынша басты оппоненттері мұғтазилиттер мен харижиттер екені белгілі. Матуриди Китәб ат-таухидтің соңғы екі тақырыбын осы үлкен күнә жасаған мүмін (муртакиб әл-кабира) мәселесі мен «иман» мәселелеріне арнаған. Аталмыш еңбегінде ханафиттік доктринаны қуаттап, қарсыластарының ұстанымдарын терістегенде негізінен Құран аяттарына жүгінген, содан кейін ақылға негізделген дәйекті дәлелдерге де сүйенген. Китәб әт-тауилатта да дәл осы әдісті қолданған.

Матуридидің аталмыш еңбектеріндегі үлкен күнә жасаған мүмін мәселесіне қатысты тұжырымдарынан, оның бір-бірімен тығыз байланысты үш тезисті немесе принципті басшылыққа алғанын көреміз:

1. Мүмін күпірлікке жатпайтын қандай ауыр әрі үлкен күнә жасаса да иманынан айырылмай мүмін болып қалады [Матуриди 2005]. Бұл принцип бойынша ханафилердің басты оппоненттері харижиттер мен мұғтазилиттер. Алғашқы топ үлкен күнә жасаған мүмін кәпір болады десе, екіншісі иманынан айырылады, бірақ кәпір болмайды, иман мен күпірліктің арасынан орын алады деген [Матуриди 2005].

2. Екінші тезис бірінші принципке негізделеді. Егер мүмін үлкен күнә жасаған жағдайда иманынан айырылмайтын болса, онда ол о дүниеде күнәсінің жазасы ретінде тозаққа түскен күннің өзінде, онда мәгілікке қалмайды. Өйткені мәңгілік азап кәпірлерге ғана лайықты [Матуриди 2005].

3. Алдыңғы екі тезистен үшінші принцип туындайды. Егер күнәһар мүмін иманынан айырылмайтын әрі мәңгі-бақи азап тартпайтын болса, онда ол күнәһар мүмін ретінде пайғамбардың шапағатынан үміт ете алады. Бұл қағида да харижиттер мен мұғтазилиттердің ұстанымына қайшы келеді. Өйткені олар пайғамбардың шапағатына тек кішігірім күнәлар жасаған мүміндердің ғана лайық екенін алға тартты, тіпті шапағатты мүлдем жоққа шығаруға дейін барды [Матуриди 2005].

Енді Матуридидің үлкен күнәһар мәселесіне қатысты ұстанымын білдіретін осы үш тезис пен принципті Китәб әт-тә’уиләт атты еңбегінде қалай дәйектеп, негіздегенін көретін боламыз.

1. Мүмін күпірлікке жатпайтын қандай ауыр әрі үлкен күнә жасаса да иманынан айырылмайды. Яғни Аллаға иман келтірген адам күнә жасаған жағдайда күнәһар деп аталса да, жүрегіндегі шынайы сенім арқылы қол жеткізген мүмін деген атынан айырылмайды. Матуриди бұл қағиданы дәйектеп, негіздеуде бірінші кезекте Құран аяттарына жүгінеді:

а) Матуриди Құранда мұсылмандарға қарата айтылған: «Сендерге не көрінген?! Жазықсыз жапа шеккен қауқарсыз, шарасыз бірқауым ер, әйел және бала-шаға үшін Алла жолында неге соғыспайсыңдар?!» (Ниса, 75) және «уа, иман келтіргендер, сендерге не көрінген?! Сендерге: «Алла жолында (Тәбукке) жаппай аттаныңдар», – делінгенде, дүниеге бой алдырып, бейне бір жерге жабысып қалғандай отырған жерлеріңнен қозғалмадыңдар. Әлде акыреттен гөрі дүниенің қу тіршілігіне разы болып, соны артық көрдіңдер ме?!» (Тәубә, 38) – деген сияқты қатаң сөгісті білдіретін аяттардың тәпсірінде былай деген: «Әсілі мұндай аяттар мұсылмандар тарапынан діндегі маңызды бір мәселеге қатысты немқұрайлық танытылғанда сөгіс ретінде түсірілген. Дегенмен, мұндай қатаң сөгісті қамтитын аяттар оларды мүмін деген аттан айырмаған. Оларға (дәл сол кезде) Алла жолында соғысу парыз еді. Міне, бұл (аят) үлкен күнә жасаған кісіні бірден иманнан/діннен шығаратындардың сөзін терістейді» [Матуриди 2005].

Жоғарыдағы аятта мүміндер Алланың алдында қанша жерден айыпты болса да, Хақ Тағала оларға «уа, иман келтіргендер» деп үн қатуда. Егер күнә жасау арқылы мүмін иманынан айырылатын болғанда оларға аяттағыдай «мүмін» деген ат берілмес еді.

ә) Кісі өлтірудің қай дінде болмасын үлкен күнә екені белгілі. Соған қарамастан Алла Тағала Құранда кісі өлтіргендерді де «мүміндер» деп атап, кісі өлтірген күнәһар мен өлтірілген адамның жақындары арасында діни бауырластықтың сақталатындығын білдірген. Мұны «уа, иман келтіргендер, кісі өлтіру мәселесінде сендерге қысас (яғни қанға қан ұстанымы) парыз етілді» деп басталатын аяттан анық көреміз. Мұнда кісі өлтіргеннің бұл дүниедегі жазасының «қысас», яғни қанға-қан ұстанымы екенін білдіріліп, артынша кісі өлтірген мұсылманға қатысты «ал кімде-кімге бауыры (яғни, өлген мұсылманның мұрагері) кешірім берсе, кінәлі жақ (өлген кісінің) құнын жақындарының көңілінен шығатындай етіп төлесін» (Бақара, 178) – делінген. Матуриди бұл аяттың тәпсірінде былай дейді: «Бұл аят үлкен күнә жасаудың иман атауын (исм әл-имән), яғни мүмін деген атты жойматындығына дәлел болады. Өйткені (Алла Тағала) кісі өлтіргенді (өлген мұсылманның мұрагерімен) ет жақын туыстығы болмаса да оның бауыры деп атаған. Бұл діндегі бауырластықты білдіреді. Сондай-ақ Алла: «Егер мүміндерден екі топ бір-бірімен соғысса, уақыт оздырмай араларын жарастырыңдар. Ал егер олардың бірі екіншісіне орынсыз шабуыл жасаса, онда шабуыл жасаған топқа қарсы соғыс ашындар, сөйтіп шабуыл жасаған топ Алланың үкіміне мойынсұнғанға дейін оларға қарсы бірігіп соғыс салыңдар. Егер райларынан қайтып, Алланың үкіміне бағынса, онда уақыт оздырмай екі топтың арасын әділ түрде жарастырыңдар һәм әркез қара қылды қақ жарғандай әділ болыңдар» (Хужурат, 9) деген сөзінде де мұсылмандарға шабуыл жасау және қан төгу ісінен кейін де оларды мүмін деген аттан айырмаған. Бұл үлкен күнә жасаудың мүмінді иманнан айырмайтындығының дәлелі. Сәйкесінше бұл мұғтазилиттердің сөзін терістейді. Өйткені олар: «Кімде-кім үлкен күнә жасайтын болса, сол күнәсі оны иманнан шығарады», – дейді.

Жоғарыдағы «қысас» аятынан көргеніміздей шарифатпен белгіленген «хад» немесе «қысас» – жасалған күнәнің өтемі болып табылады. Яғни Алла Тағала қысасты кісі өлтірген адамның күнәсінің өтемі қылған. Өтемі ретінде арнайы «хад» жазасы белгіленген өзге күнәларда да солай. Ал күпірліктің өтемі жоқ. Сондықтан да кісі өлтіру сынды үлкен күнә жасаған мұсылман өзіне жаза ретінде берілетін «қысас» немесе құн төлеу арқылы күнәсін өтейді, мүмін деген атынан айырылмайды.

Міне осындай Құран аяттары үлкен күнә жасаған мүміннің діндегі статусының өзгермейтіндігін анық көрсетеді.

2. Екінші принцип: Күнәһар мүмін бұл дүниеде жасаған күнәлары үшін о дүниеде азапқа душар болған күннің өзінде кәпірлер сынды мәңгі-бақи азап тартпайды. Жасаған күнәсі мөлшерінде азап тартқан соң, жүрегіндегі иманы себепті жұмаққа кіреді. Бұл қағиданы да растап, қуаттайтын Құран аяттары баршылық.

а) Бақара сүресінің 217 аятында: «Олар сенен харам (қасиетті) айларда соғысудың үкімі жайлы сұрайды. Оларға: «Ол айларда соғысу үлкен күнә»

– деп айт. Алайда, ел-жұртты Алланың жолынан қақпайлау, Аллаға күпірлік қылу және (мүміндерге) Харам мешітін зиярат етуге тыйым салу һәм (Харам мешітінің) халқын ол жерден қуып шығару Алланың алдында одан да үлкен күнә», – деп айтылған. Матуриди бұл аяттың тәпсірінде үлкен күнәһардың мәңгі-бақи тозақта қалатынын алға тартатын мұғтазилиттерге былай деп жауап катады: «Бұл аят мұғтазилиттердің көзқарасын терістейді. Мұнда (Алла) соғысты/кісі өлтіруді (үлкен күнә ретінде) тілге тиек етіп, күпірлікті одан да үлкен күнә қылған. Егер соғыс/кісі өлтіру дәл күпірлік сияқты тозақта мәңгі-бақи қалуды міндетті қылатын күнә болса, онда екеуі бірдей дәрежедегі күнә болар еді (яғни екеуінің арасында ешқандай айырмашылық қалмас еді), мұндай жағдайда күпірлік соғысу мен кісі өлтіруден үлкен күнә болмайды. (Ал аятта күпірліктің соғысып, кісі өлтіруден де үлкен күнә екендігі анық айтылған). Олай болса, үлкен күнә дәл күпірлік сияқты тозақта мәңгі қалуды міндетті қылмайды» [Матуриди 2005].

ә) Алла Тағала Құранда мысқалдай болса да жақсылық жасаған адам жасаған жақсылығының қарымын міндетті түрде алады деген. Ал мұғтазилиттердің пікірінше үлкен күнә жасаған мүмін күнәсінің жазасы ретінде мәңгі-бақи тозақта қалады, демек ол жасаған бірде-бір жақсылығының қарымын ала алмайды. Бұл көзқарас Құранға және ондағы Алланың пенделеріне берген уағдасына қайшы келеді. Осыған орай Матуриди «(Алланың разылығын көздеп, бұл дүниеде өздерің үшін қандай да бір жақсылық жасап, (ақыретке) жолдасандар, соны Алланың дәрегейінен міндетті түрде табасындар» (Бақара, 110), деген аяттың тәпсірінде былай дейді: «Бұл аят мұғтазилиттердің сөзін терістейді. Өйткені олар: «қандай да бір үлкен күнә жасаған адам намаз оқыса, зекет берсе, Алла жолында күрессе, Алланың Үйіне барып, қажылық парызын өтесе және тағы басқа көптеген игілікті істер істесе де істеген сол игі істерінің қарымын ала алмайды. Ал істеген жамандықтарының қарымын толық алады», деп айтады. Бұл әрине әл-Кәрим және әл-Жәууәд (кең, кешірімді, мейірбан) болған Алланың ісі емес. Алла өзін (мұғтазилиттердің айтқанындай) сипаттап танытқан да емес. Керісінше Алла өзін олардың сипаттағанына қайшы мағынада сипаттап, танытқан. Ол (мүміндер жайлы) былай деген: «Міне, олар сондай ізгі жандар, Біз олардың істеген игі істерін қабыл алып, қарымтасын ең игі істеріне қарай қайтарамыз һәм күнә-қателіктерін толық кешеміз» (Ахқаф, 16). Ал мұғтазилиттер болса, Алла олардың (яғни, күнәһар мүміндердің) жасаған жақсылықтарын қабыл алмайды және күнәларын кешпейді дейді. Олардың мұнысы сөзде шектен шығу болып табылады» [Матуриди 2005].

Байқағанымыздай, Матуриди үлкен күнәһарға қатысты екінші принципті Құран аяттарының эгзегетикасы негізінде дәйектеп қуаттағанда бәрінен бұрын мұғтазилиттердің ұстанымын нысанаға алған. Мұның себебі, мұғтазилиттердің үлкен күнә жасаған мұсылманды харижиттер сияқты кесімді түрде кәпір деп атамастан, тозақта мәңгі қалады деген пікірді алға

тартуы еді. Сондықтан олардың бұл ұстанымы көптеген аяттардың астарлы мәнін айтпағанда, тура мағынасының өзіне қайшы келді. Матуриди тиісті аяттардың тәпсірінде осы қайшылыққа, яғни мұғтазилиттердің бұл тұжырымының қисынсыз екеніне баса назар аударған.

3. Үшінші қағида шапағат (шафа'а) мәселесіне қатысты. Жалпы шапағаттың хақ екендігі Құран мен хадистерден белгілі. Сондықтан бұл мәселе төңірегінде мұсылмандар арасында талас жоқ деуге болады. Әсілі шапағат ұғымының өзі күпірліктен өзге күнәлардың кешірілуінің мүмкін екенін білдіреді [Матуриди 2001]. Дегенмен шапағат мәселесіне қатысты талас оның басқа қырына қатысты, нақтырақ айтқанда, «оған кімдер лайық болады» деген мәселе төңірегінде өрбіген. Үлкен күнә мәселесіндегідей бұл мәселеде де сунниттердің басты оппоненттері мұғтазилиттер мен харижиттер болды.

Мұғтазилиттердің көзқарасы бойынша, шапағатқа тек үлкен күнәлардан ада болған немесе үлкен күнәлары үшін тәубе еткен шынайы мүміндер ғана лайық болады. Олар бұл пікірді алға тартқанда мына аятқа жүгінген: «Аршты арқалаған және оны айнала қоршаған (періштелер) Раббыларына мадақ айтады, Оған кәміл сенеді және иман келтіргендер үшін Одан кешірім тілеп, былай дейді: «Уа, Раббымыз! Сенің шексіз рақымың мен ілімің барлық нәрсені толық қамтыған! Олай болса тәубеге келіп, Өзіңнің жолыңа түскендерді кешіре гөр, оларды жаһаннам азабынан сақтай гөр!» (Ғафир, 7). Мұғтазилиттердің айтуынша бұл аятта періштелер тек тәубеге келген әрі Алланың жолына түскен шынайы мүміндер үшін ғана Алладан кешірім тілеп, шапағат етуде. Егер бұл дүниеде шапағатқа тек тәубеге келіп, Алланың жолына түскен шынайы мүміндер ғана лайық болса, демек, ақыретте де шапағатқа тек солар ғана лайық болады [Матуриди 2005].

Матуриди олардың бұл уәжіне былай жауап қатады: «Біздің көзқарасымыз бойынша, шапағат тек қана күнәһарларға арналады. Өйткені күнәдан пәк адам шапағатқа мұқтаж емес» [Матуриди 2005]. Сонымен қатар Матуриди періштелердің «тәубеге келіп, Өзіңнің жолыңа түскендерді кешіре гөр», деген дұға-тілегінің бір мәні «Аллаға серік қосудан (күпірліктен) тәубе етіп, дініңе ергендерді кешіре гөр», деген мағынаны білдіреді деген [Матуриди 2005]. Яғни мұнда мұғтазилиттер айтқандай күнәлардан емес, күпірліктен тәубе ету меңзелуде. Егер осы тәпсірді негізге алсақ, онда мұғтазилиттердің шапағат тек үлкен күнәлардан ада мүміндерге ғана арналады, деген көзқарасының қисынсыз екені өздігінен анықталады.

Матуриди «Китәб ат-таухид» және «Китәб әт-тә'уиләт» атты еңбектерінде күпірлікке жатпайтын үлкенді-кішілі күнәлар жасаған мүміннің иманынан айырылмайтынын Құран эзгетикасы және хадистер негізінде дәлелдеумен қатар, ақылға негізделген қисынды дәлелдермен де қуаттауға тырысқан.

1. Күпірлікке жатпайтын күнәлар белгілі бір уақыт шеңберінде ғана яғни, белгілі бір уақыт ішінде бірқатар психологиялық факторлардың сал-

дарынан, соның ішінде нәпсіқұмарлыққа бойалдырудың нәтижесінде жасалады, демек оған берілетін жаза да шектеулі болуы керек. Ал күпірлікке келсек, ол бәрінен бұрын мызғымас берік сенім. Сенім белгілі бір уақытпен шектелмейтін, үздіксіз жалғасатын ұғым болғандықтан оған берілетін жаза да шексіз болуға тиіс [Матуриди 2005].

2. Шариғатта үкімі харам болған істер мен нәрселердің кейбір зәру жағдайларда харам деген үкімі уақытша жойылуы мүмкін. Ал күпірліктің өзі харам (харам ли 'айниһ) болғандықтан оның үкімі әсте жойылмайды. Сондықтан оның тәубесіз кешірілуі мүмкін емес және жазасы да соған қарай болады [Матуриди 2001].

3. Матуриди күнә жасау мәселесінде адамның психологиясын, жаратылысы мен табиғатын да ескеру керектігіне баса назар аударған. Өйткені адам баласының табиғаты күнә-қателік жасауға бейім келеді. Дегенмен шынайы мүмін күнә жасағанда немесе өз міндетін толық орындай алмаған жағдайда Алладан іштей қорқады, қобалжиды, жан-дүниесін үрей билеп, іштей мазасыз күй кешеді. Сонымен қатар мүмін қандай күнәні болмасын негізінен білместікпен, нәпсіқұмарлыққа бойалдырғандықтан, яки күнәнің артынша тәубе етемін деген байламмен немесе Алланың шексіз мейіріміне, шарапаты мен кешіріміне үміт артқан күйде жасайды. Қандай себеппен жасаса да, артынша іштей өкініп, тәубеге келеді [Матуриди 2005].

Қорытынды

Сунниттік бағыттағы мазхабтардың барлығы «үлкен күнә» жасаған мүмін мәселесінде ортақ ұстанымда. Ешбірі күнәһар мүмінді иманнан айырмайды. Араларында «иман» ұғымының түпкі мәні мен ақиқатына және өзге де «иман» мәселелеріне қатысты әртүрлі, тіпті бір-біріне кереғар көзқарастар болса да, үлкен күнә мәселесіне келгенде бәрінің ұстанымы бір. Бұл да өз кезегінде харижиттер мен мұғтазилиттердің ұстанымының қате әрі дәстүрлі исламның діни-идеологиялық тұғыры болған сунниттік доктринаға түбегейлі қайшы екенін көрсетеді.

Бүгінгі таңда әлемде және елімізде белгілі деңгейде белең ала бастаған «такфиризм» құбылысының діни-идеологиялық тұғыры дәстүрлі сунниттік исламға кереғар хараижиттік және мұғтазилиттік сана және ілім екендігі даусыз. Бұл сунниттік доктринаға да, Қазақ елінің дәстүрлі діни дүниетанымына да түбегейлі қайшы келетін діни сана және ілім.

Харижиттік және мұғтазилиттік санадан бастау алған діни радикализм мен экстремизм ислам тарихында мұсылмандар арасында алауыздық туғызумен қатар, көптеген қақтығыстар мен қанды оқиғалардың орын алуына түрткі болғаны белгілі. Сонымен қатар мұндай аса қауіпті тенденцияның кейінгі буын мұсылмандарға да аздықөпті әсер еткені сөзсіз. Бүгінгі таңда кейбір діни топтар мен ұйымдарға «неохарижиттер» деп аталуының өзі соның айғағы. Мұның ең басты себебі олардың сенім мәселесіне келген-

де алғашқы харижиттер сынды «кім кәпір?» деген сұрақпен әрекет етіп, өздерімен пікірлес, сенімдес болмаған мұсылмандардың бәрін жаппай кәпір санауы, сондайақ оларды өз беттерінше мұсылмандық құқықтан айырып, қаны мен малдүниесін өздеріне адал санауы еді. Өкінішке орай бүгінгі таңда санасы харижиттік идеологиямен уланып, өздерін ғана кәміл мұсылман, өзгелерді жаппай кәпір санайтын радикалды ұстанымдағы жекелеген тұлғалар мен топтардың әр жерде лаң салып, бұзғыншылық жасап жүргеніне куә болудамыз. Тіпті олардың кейбір геосаяси күштердің қолшоқпары мен ойыншығы болып жүргенін де айтып жүрген діни-саяси сарапшылар баршылық.

Харижиттер мен муғтазилиттер «үлкен күнә» және «иман» мен діндегі амалдар мәселесіне қатысты радикалды пікірлерін алға тарқанда көбінекөп соғыс жағдайында немесе белгілі себептерге қатысты түскен Құранның әр жеріндегі жекелеген аяттарына жүгінетін еді. Сол себепті Матуриди де аталмыш екі топтың көзқарастарын терістегенде солардың әдісін қолданып, негізінен Құран аяттарына жүгінді. Алайда Матуридидің олардан ең айқын ерекшелігі – Құранды сүрелері мен аяттары арасында тығыз байланыс болған бір тұтас иләһи кітап ретінде қолға алып, Құранды Құранмен пайымдауы, яғни Құран аяттарын Құран пәлсапасына сай интерпритациялауы еді.

Ислам тарихында ең алғаш харижиттер тарапынан көтерілген үлкен күнә және күнәһар (муртакиб әл-кабира) мәселесі негізінде туындаған «иман» мен діндегі амалдардың арақатынасы мәселесі әрі «иман» ұғымына қатысты өзге де мәселелер ислам теологиясының өзекті тақырыптарына айналды. Бұған дейін де айтылғандай, харижиттер мен муғтазилиттер адамға ішкі сенімінен гөрі, сыртқы іс-әрекеттеріне қарап баға беретін болған. Олардың түсінігі бойынша адамның нағыз кәміл мұсылман болуы үшін жүректегі сенім/иман жеткіліксіз, жүректегі иманмен бірге, соған лайық іс-әрекеттердің/амалдардың болуы және күнәлардан тыйылу міндетті. Сондықтан да олар діндегі амалдар мен үкімдерге, яғни діни практикаға ерекше мән берді. Бұл әрине сунниттік сенімге негізделген дәстүрлі ислам/дәстүрлі дін түсінігіне түбегейлі қайшы келеді. Осы құбылыстың нәтижесінде ғалымдар теологиялық тұрғыдан «иман» мен «амал» ұғымдарының арақатынасын айқындауға кірісті.

Библиография

- Әкімханов, А. & Анарбаев, Н. 2015. 'Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма'. Алматы, Көкжиек, 624 б.
- Әл-Матуриди, М. 2005. 'Китаб ат-Таухид'. Анкара, ИСАМ, 718 б.
- Әл-Матуриди, М. 2005. 'Тә'уиләт әл-Құран'. Стамбул, Мизан, Т. 3. – 476 б. Т. 9. 475 б.
- Әл-Матуриди, М. 2005. 'Тә'уиләт әһл әс-сунна'. Бейрут, Дар әл-кутуб әл-'илмия, Т. 1-10. 638 б.

Ибн Хазм, 1995. 'Әл-Фасл фи-л-миләл уә-л-әһуә'и уә-н-нихәл'. Бейрут, Дар әл-Жил, Т. 4. 287 б.

Изутсу, Т. 1984. 'Ислам дүшүнжесинде иман каврамы'. Стамбул, Пынар иайынылары, 299 б.

Ләмиши, М.З. 1995. 'Ат-Тамһид ли қауағид ат-таухид'. Бейрут, Дар әл-Ғарб әл-Ислами, 258 б.

Transliteration

Akimhanov A. & Anarbayev N. 2015. 'Kuran Karim qazaqsha tusindirmeli audarma' [Kazakh Translation of the Holy Quran]. Almaty, Kokjiek, 624 b.

Al-Maturidi, M. 2001. 'Book of Monotheism'. Ankara, İSAM, 718 b.

Al-Maturidi, M. 2005. 'Commentary of the Holy Quran'. Stambul, Mizan, T. 3. 476 b. T. 9. 475 b.

Al-Maturidi, M. 2005. 'Commentary of Sunnis'. Beirut, Dar al-kutub al-ilmiya, T. 1-10. 638 b.

Ibn Hazm, 1995. 'Boon on Islamic Sects'. Beirut, Dar al-Jil, T. 4. 287 b.

İzutsu, T. 1984. 'Iman Notion in Islamic History of Thought'. Stambul, Pınar yayınları, 299 b.

Резюме

Акимханов А.Б., Әділбаев А.Ш., Шокай Е. Взгляды Абу Мансура аль-Матуриди на «большие грехи» в исламе и его ответ хариджитам (первым такфиритам) и мутазилитам

В истории ислама проблема «большого греха» поднялась сначала хариджитами. Основываясь на концепции «неверия», они подняли различные богословские вопросы, связанные с этой концепцией. Самой важной из них была проблема «большого греха». Хариджиты давали оценку человеку, исходя от его внешних действий, нежели от внутренней веры. По их понятиям, чтобы человек был настоящим мусульманином, недостаточно иметь веру/иман только в сердце, вместе с этим он должен совершать соответствующие действия и отречься от грехов. В связи с этим хариджиты уделяли особое внимание действиям и вердиктам в религии, то есть религиозной практике. Но они рассматривали эту проблему в одностороннем порядке. Точнее, рассматривали с обратной стороны. Когда дело доходило до вопроса о том, каким должно быть совершенное мусульманское общество, они больше фокусировались не на практике действий и вердиктов в религии, а на проблеме не оставления их, не на вознаграждаемые действия, а на не совершение греховных действий. Другими словами, они считали главной задачей очистку общества от чужих элементов, и действовали по принципу и сознанию определяющие «кто грешнику», нежели «кто праведник» и «кто неверующий», нежели «кто мумин». Таким образом, они осложнили и усугубили требования, выставляемые истинным верующим. По их пониманию, идеальный верующий должен безукоризненно совершать все требования религии, отречься от всего, что запрещает религия, абсолютно не быть причастным к понятию «грех», а также быть безупречным и внутри и снаружи. Это было, в конечном

счете, игнорированием сущности, природы и психологии человека. В результате в исламе появилась и распространилась тенденция «такфиризма». Имам Матуриди при отрицании принципов своих главных противников мутазалитов и хариджитов по этой проблеме, поначалу обратил особое внимание на вопрос о правильной интерпретации понятия «большого греха» в Коране. Он при осознании, анализе и объяснении понятия «большой грех» руководствовался методами контекстуального анализа и освоения аятов и лексики Корана, методом интерпретации Корана Кораном, хадисами и взглядами ученых.

Ключевые слова: «большой грех», «мумин», сунниты, хариджиты, мутазалиты, такфиризм, теология, вера, деяния

Summary

Akimkhanov A.B., Adilbayev A.Sh., Shokay E. Abu Mansur al-Maturidi's Approach to «Big Sins» in Islam and Answers to Kharijites (First Takfiris) and Mutazalis

In the history of Islam, the problem of “great sin” was first raised by the Kharijites. Based on the concept of “disbelief”, they raised various theological issues related to this concept. The most important of them was the problem of “great sin”. The Kharijites gave an assessment to a person, based on his external actions, rather than on the inner faith. According to them, to make a person a true Muslim, it is not enough to have faith / iman only in the heart, along with this he must perform appropriate actions and renounce sins. In this regard, the Kharijites paid special attention to actions and verdicts in religion, that is, religious practice. But they considered this problem unilaterally. More precisely, they looked on the reverse side. When it came to the question of what a perfect Muslim society should be, they focused more not on the practice of actions and verdicts in religion, but on the problem of not abandoning them, not on rewarded actions, but on not committing sinful actions. In other words, they considered it to be the main task to cleanse society of alien elements, and acted according to the principle and consciousness determining “who is a sinner”, rather than “who is a righteous man” and “who is an unbeliever”, rather than “who is a mumin”. Thus, they complicated and aggravated the demands required from the true believer. According to their understanding, the ideal believer should perfectly fulfill all the requirements of religion, renounce everything that religion prohibits, absolutely not to be involved in the concept of “sin”, and also to be perfect both inside and outside. This was, in the final analysis, ignoring the essence, nature and psychology of man. As a result, the tendency of “Takfirism” appeared and spread in Islam. Imam Maturidi, in denying the principles of his main opponents of Mughzalites and Kharijites on this issue, first drew particular attention to the question of the correct interpretation of the concept of “great sin” in the Qur’an. He was guided by the methods of contextual analysis and absorbing of the verses and vocabulary of the Koran, by the method of interpretation of the Koran by the Koran, by the hadith and the views of scientists.

Keywords: «Big Sins», «Mumin», Sunnis, Kharijites, Mutazalism, «Takfirism», Theology, Iman/Credo, Deeds.

*Самет Оқан (Астана, Қазақстан)
Нұрбол Қалдыбеков (Алматы, Қазақстан)*

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ «ИМАН» ЖӘНЕ «ИМАН ТАҚЛИДИ» МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Аннотация. Бұл мақалада мұсылман мәдениетінің негізі саналатын – Исламдағы сенім мәселесі қарастырылады. Соның ішінде Орта Азия мен Қазақстан халықтары тарих бойы ұстанып келген Матуриди сенім мектебі сөз болады. XIX-XX ғасырларда өмір сүрген Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы және А.Үлімжіұлының «Иман» және «Иман тақлиди» мәселелеріне қатысты тұжырымдары мен Матуриди ақидасы арасындағы сабақтастық анықталып, салыстырмалы талдау жасалады. Сол арқылы матуридилік сенім мәзһабы қазақ халқының діни дүниетанымына негіз болғанын ашып көрсету. Бұл жастардың тарихи санасын қалыптастыруға, сонымен қатар діни ахуалды реттеуге оң әсерін тигізетіні баяндалады.

Түйін сөздер: Ислам, Матуриди, қазақ ойшылдары, иман, иман тақлиди.

Имам Матуридидің «Китәбут Тәухид» атты классикалық мұрасындағы ең маңызды мәселе, ол – әуелі адамның Алланы нас пен зерделі ақылдың әділ таразысы негізінде тану, мұғжизалы пайғамбарлық міндетті қабыл ету және тағдыр мен әфғалул ғибад (адамның іс-әрекеті) сынды мәселелерге көбірек көңіл бөлуден тұрады. Ал, ақырет мәселелері жайлы аяттарға «Тәуыләтул Құран» атты тәпсір еңбегінде кең түсініктеме бергенімен, «Китәбут Тәухид» атты мұрасында кең көлемде тоқталмайды [әл-Матуриди 2007, 44 б.]. Оның өзіндік себебі бары анық. Яғни, метафизикалық әлемдегі жағдайлар туралы анализ жасап, нақты шешім айту қиын мәселе. Метафизикалық әлем жайлы Кітап және сүннетте келген сипаттамаларды ғалымдарымыздың тәуилі (жорамалы) негізінде түсініп, соның қамын етуге ғана міндеттіміз. Міне, осы тұрғыдан имам Матуриди еңбегінде де, қазақ халқының маңдайына біткен көрнекті ойшыл тұлғаларының шығармаларында да адамның осы өмірін қалай өткізу мәселесіне көбірек тоқталады.

Иман – діни құндылықтардың негізгісі, имансыз мұсылмандық та, екі элем бақыты да болмақ емес. Ағартушы Ы. Алтынсарин «Иманның екі мағынасы бар: бірі – тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз – әркім тілмен айтып растамақ. Мәселен, мұсылманшылығымызға бас куәлік – сөзіміз немесе араб тілінше шәһәда(тун) – иманымыз ашһаду ан лә иләһа иллә Алла

уа ашһаду анна Мухаммадан аб-дуһу уа расулуһу болса керек. Яғни «куәлік беремін: жоқты бір Құдайдан бөтен құдай және куәлік беремін, Мұхаммед оның құлы һәм елшісі екендігіне деп, шарифат мағынасы расталғанда ол иманды көңілмен растамақ» [Алтынсарин 2013, 189 б.] деп, адамның сенімі жалтақ болмай, беріктігімен мұсылмандық болатынын айтады.

А. Құнанбайұлы:

«Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,

Өзгесі Хаққа жол емес» деуі, иманды ауызбен айта салудың жеткілікті болмайтынын, «Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі Хаққа жол емес» деп иман көңілде бекітілу керектігін айтады.

«Істің басы – ретін танымақтық,

Иман білмес тағатты қабыл демен» [Құнанбаев 2013, 93 б.] деген Абайдың иман туралы тұжырымы осы. Яғни, мәнге ие әрбір іс иманнан бастау алады. Алла елшісінің (саллаллаһу ғәлейһи уә сәлләм) пайғамбарлық кезеңінің басым бөлігін адамдарды иманға шақырып, шынайы болуға үгіттеуінің мәнін осымен түсіндірсе керек.

А. Үлімжіұлы еңбектерінде кәміл мұсылмандық көрінісі былай түсіндіріледі:

«Жаның таза болғаның,

Шаригатқа тоғаның.

Иман деген сол болар,

Бір Құдайға нанғаның» [Үлімжіұлы 1998, 267 б.].

Ақын бұл жерде Алланың заңдарын жетік білген білімді адамның құлшылығы дұрыс, сауабы мол кәміл мұсылмандыққа жатқызады, мақтауға лайықты жан деп бағалайды.

Орта Азия медреселеріндегі Матуриди сенімі бойынша оқытылатын «Иманшарт» кітабынан алғаш сауат ашып, оқып жүрген кезінде сол кітаптың шетіне:

«Үлімжі біздің атамыз,

Құдайға көндүр қатамыз.

Ғылым нұрын бір көрмей,

Қараңғы қайтіп жатамыз?», – деп жазып қойғанынан-ақ, оның имани тұрақтылықпен рухани кемелдене түскенін аңғаруға болады [Марфуға Шапиян 2017].

Әйгілі ғалым Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, «Иман – жүрекпен мақұлдап, растау. Ал тілмен «кәлима шәһәданы» айту иманның шарты. Немесе дүние істеріне үкім беруде «кәлима шәһәда» сөзін тілмен айту арқылы мұсылман өзге дін өкілінен ажыратылады» [әл-Мағриби 2009, 135 б.] десе, имам Матуриди бұл пікірді одан ары қуаттап, үзірі жоқ адамның өмірінде бір рет болса да тілімен куәлік сөзін айтуы керектігін тағаты қабыл болатын

мұсылман қатарына қосады, адамның зәрулік жағдайында шынайы сенімін көңіліне жасырып күпірлік сөзін айтуға дінде жеңілдік барын да жеткізеді [Әл-Матуриди 2007, 473 б.].

Демек, Ы. Алтынсаринның «Иман» терминінің түп мәні көңілмен растау деуі, А. Құнанбайұлының «істің басы» – яғни, мұсылмандықты иманмен өлшеуі және А. Үлімжіұлының ілімді «Иманшарт» еңбегінен алғанын сөз етуінің бәрі Матуриди сенім мектебінің түлектері болғандығын растайды.

Ал тарихта радикалды ұстанымдарымен танымал болған Харижид және Мұғтазила ағымдарының көзқарасы бойынша, иман – жүреппен бекітіп, тілмен айту және парызды амалдарды орындау. Бұл үшеуінің біреуін орындамаған кісі иман еткен болып саналмайды. Немесе әділетті халифалар заманында белең алған радикалды ағымдардың ушықтырған доктриналық мәселелерінің қатарында күнә жасаған адамға қатысты шарифи тұрғыдан үкім беру ісі халықты дүрліктірді. Харижидтер ағымы мұсылман ауыр яки жеңіл күнә жасасын кәпір саналады, тозақта мәңгі қалады деумен қатар оларға қарсы соғыс ашу халал деп түсінді. Мұғтазилит ағымы болса, үлкен күнә жасаған мұсылман жәннат пен тозақтың аралығындағы жайда болады (Әл-мәнзилату бәйнәл мәнзилатайн) деп ашық кәпір қатарына кіргізбесе де, мұсылман қатарына жатқызбайды. Мүржия ағымы қандай ауыр күнә жасаса да, таза мүмін болып қала береді деп есептеді [Әл-Бабурти 2009, 71 б.]. Яғни, бұл ағымдар күнә жасаған кісіге үкім беруде асыра сілтеушілікке барса, енді біреулері бүкілдей үмітке салынып, халықты парыз құлшылықтарға селқостық танытуға себепкер болды.

Бүгінгі таңда да өздерін «мұсылманбыз», «жиһад жасап жүрміз» деген ұранмен кейбір ағым өкілдері парыз құлшылықтарды орындамаған қарапайым халықты анау «мұсылман», мынау «кәпір» деп, қазақты бір-неше топқа бөліп өз биліктерін жүргізуге тырысып жүр. Олар, өздерінің сыңаржақты түсініктерін «ең дұрыс сенім» ретінде насихаттап, бұрыннан жалғасып келе жатқан сенімдік негіздерді мансұқтап, ел арасына бүлік салуда. Тіпті, соңғы жылдары қоғамымызда бой көтерген террорлық актілер мен кешегі Сирияға аттанған жастардың ісі қоғам тыныштығына қатер тудырып отыр. Міне, бұл «Иман» сөзінің мәнін дұрыс түсінбеуден туындап отырғаны анық.

Ал, қазақ халқынан шыққан аталмыш ұлы тұлғалардың «Иман – тілмен айту, жүреппен растау» деп, имам Матуриди сынды ғалымдардың жолында болғандарын ашық баян етулері, иман мен амалдың бір-бірінен бөлек екендігін түсіндіру сол кезеңдегі қоғам үшін де қажеттілік болғанын, олар еңбектерінде «иман» сөзінің анықтамасын беріп, халық арасында дұрыс түсінік қалыптастыруды мақсат еткенін көрсетеді.

Тақлиди иман: Ы.Алтынсарин иманның сатыларын түсіндіре келіп, «Үшінші бір түрі – *иман тақлиди*. Бұл иман – өз ақылымен Құдайды та-

нымайынша, ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар. Әрине, бұл иман надан халықта болады, соның ішінде ең әлсіз болса керек. Өзі ешнәрсеге түсінбей, біреудің сөзіне, мысалына еріп іс етуші кісі және бір айыпты шайтандай азғырушыға жолықса, бұл азғырушыға еріп кетіп, діннен шығуы да жеңіл болғаны үшін. Бірақ, осылайша әлсіз, қауіп-қатері көбірек иман болса да, Құдай тәбарак уа тағала бұл иманды да дұрыс деген һәм Кәләм шарифінде бұйырған: (уа лә тақулу лиман илқа илайкум саламун ләста муминун) яғни «ассалам алайкум!» деп сәлем бере білген кісіге де «мұсылман емессің деменіз» депті», – дейді [Алтынсарин 2013, 190-191 бб.].

Ы. Алтынсарин иманның үш түрін түсіндіре келіп, тақлиди иман дәрежесіндегі адамдардың сенімі дәлелсіз, өзгелерге ерумен болғандықтан әлсіз, қауып-қатерге тез ұшырау ықтималдығы басым болатындын айтады. Әрі ғылым-білім іздеумен болған иман истидләли, сосын иман тахқиқи дәрежесіне жетуге үндейді.

А. Құнанбайұлы, «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым. Ғалымдардың нақлиясымен мұсылман иман тақлиди (біреуге еріп қабылдаған иман) кәсіп қылады. Хакімдердің ғақлиятымен жетсе иман яқини (дәлелмен көз жеткізге иман) болады. Бұл хакімдерден мұрат – мұсылман хакімдері...» [Абай 2005, 138 б.] деп, тақлиди иман сатысындағы мұсылманды дін шеңберінен ысырып тастамайды. Керісінше, Ы. Алтынсарин тәрізді олардың соны кәсіп етіп бір сарынмен жүре бермей, хакімдердің дін туралы ақыли дәлелдік тұжырымдарын саралай отырып, өзіндік көзқарасы қалыптасқан яқини иман дәрежесіндегі адамдар сияқты болуға жетелейді.

А. Құнанбайұлының шәкірті Ш. Құдайбердіұлы да «Тақлиди иман» туралы өз көзқарасын білдіріп, ұстазының ұстанымын толықтырғанын көреміз: «Уа, достар! Алла тағалаға біреуден үйреніп, яки ата-бабаның жолымен ұғып, нанып, иман келтірген кісі де мұсылман болады. Олай да болса өз ақылыменен ойлап, осы дүниенің бір құдіретті күшті иесі болса керек деп, өз ақылыменен дәлел таппаған кісі қатты күнәһар болады және ондай кісі шайтанның азғыруына, берудің алдауына еріп кетуге жақын тұрады», – дейді [Құдайбердіұлы 2008, 365 б.].

Ал, А. Үлімжіұлы бабамыз иманның сатыларын жеке-жеке жіктеп, аталмыш қазақ ойшылдары сияқты сөз етпесе де, А.Құнанбайұлының «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген өлеңін жыр шумақтарымен кеңітіп түсіндіру барысында «Иман тахқиқи»-ды сөз еткенін көреміз:

*«Адамды махаббатпен жаратқан Хақ,
Достығын бір Алланың сенде іздеп тап.
«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»
Һәм шаригат жолына ұмтылып бақ,
Осыменен болады иман тәмам,*

Ойлансын да, таратсын білген адам.

Алланың досын дос көр, дұшпанын жек,

Бұл тахқиқпен иманың болар аман» [Үлімжіұлы 1998, 297 б.].

Яғни, аталмыш ұлы тұлғалар бір-бірінен неше мың шақырым алыста өмір сүрседе имани көзқарастары үндесіп, бәрі Матуриди сенімдік мәзһабтың шәкірттері болғанын көреміз.

Тақлиди иман – қарапайым бір мұсылманның шариғи бір мәселенің үкімін орындау үшін ғылым иелерінің яки бір мәзһабтың шығарған үкімдеріне ілесуін, солжолды ұстануын білдіреді. Өйткені, өздерін мұсылман санайтын бұқара халықтың таным-түсініктері әртүрлі. Тіпті, кейбіреулері өзі жаратылысқа қарап іздену арқылы Алланың барлығын, бірлігін тауып иман келтіру былай тұрсын, өзге бір адам түсіндіріп, жетелегеннің өзінде қарапайым мәселелерді әрең түсініп жатады. Міне, осы тұрғыдан қоғамдағы көпшілік мұсылмандардың иманы әке-шешесінен, ұстазынан, өмір сүріп жатқан ортасындағы адамдардан естіп, көру арқылы соларға еліктей отырып келтірген тақлиди иман деуге болады. Шариғатымыз иманның мұндай түрін теріске шығармайды, олар мұқаллид (тақлид жасаушы) мұсылман саналады.

Мұғтазила ағымы өкілдерінің бір бөлімі мұқаллидты күнәкар адамды кәпір десе, енді бір бөлімі жәннатқа да, тозаққа да кірмейді, арадағы бір жәйда болады деп қарайды. Олардың түсінігі бойынша, әрбір мұсылман мұқаллид дәрежесінен жоғары білім иесі немесе мұжтаһидтік дәрежеге жетуі тиіс. Әйтпегенде, мұсылман саналмайды. Бұл туралы имам Нәсәфи былай баяндайды: «Мұғтазилд Әбу Һашим, «мұқаллид, ол – кәпір» деп үкім берді. Мұғтазилдердің көпшілігінің көзқарасы бойынша, мұқаллид мүмін емес, ол акли дәлелдер қолдана алмағандықтан, әл-мәнзилату бәйнал мәнзилатәйынға (жәннат пен тозақтың арасындағы бір мекенге) барады. Яғни, олардың көзқарасы бойынша, иманды адам сенімін қарсы жақтың алдында дәлелдей алуы тиіс. Ал, мұқаллид сенімін дәлелдей алмағандықтан күнәкар болады. Олар күнәкар адамды мұсылман қатарынан шығаратындықтан, үкімді міне осы негізде береді» [ән-Нәсәфи 2011, 161 б.].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) бір хадисінде: «Сендердің араларындағы ең абзалдарыңа Құран мен хадис ілімі беріледі. Олар бұл ілімдерді өтірікшілердің ойдан шығарғандарынан, нысапсыздық пен білімсіздердің тәпсірлерінен қорғайды» [әт-Тахауи 1994, 36 б.] делінеді. Хадисте әркім өз алдына дінді дұрыс түсіне алмайтындығы айтылып, ілім берілген тақуа жандардың шығарған үкімдеріне ілесу (тақлид жасау) керектігі бұйырылып тұр. Сондай-ақ, сахабалар мен тәбиғиндар кезеңінде де, одан кейінгі мәзһабтардың қалыптасуы да бұқара халыққа діннің мәнін түсіндіріп, сенімдері мен құлшылықтарын бір ізділікке түсіру мақсатында қалыптасып күнімізге дейін жеткені белгілі. Мәзһабтік жүйелер болмағанда,

мұқаллид деңгейіндегі көпшілік халық діни көп мәселелерге қатысты дәлелдік көзқарасы болмағандықтан, әртүрлі ағымдар мен миссионерлердің күмәнді сұрақтарына жауап бере алмай, жетегінде кетіп қалуы әбден мүмкін еді.

Әр бір қазақ баласына жастайынан, «Кұдай бір, Құран шын, Пайғамбар хақ» деген сенімді жадына сіңіріп, бойына мұсылмандық тәрбиені қалыптастыру дәстүрін атадан мирас етіп сақтап келгені белгілі. Әйткенмен, халқымыздағы мұндай дінді түсіндіру, жәу дәстүрі қатардағы кез-келген қазақтың баласы өзінің мұсылмандығын өзгелердің алдында бұлтартпас дәлелдермен дәлелдей алатын деңгейдегі терең білім қалыптастырады дей алмаймыз. Яғни, бұқара халықтың иманы «тақлиди иман» статусына сай деуге болады. Соған қарамастан, қазақ халқының дүниетанымында бұл статустағы адамдар Матуриди сенімдік мектептің ұстанымдарына сәйкес мұсылман саналды. Бұл сөзіміз дәлелді болуы үшін «тақлиди иман» мәселесінің теологиялық қырын Матуриди сенімі негізінде қарастырып көрелік.

Имам Матуриди көзқарасын кең көлемде түсініктеме жазған, Матуриди мәзһабының белді ғалымы болған имам Нәсәфи өзінің *«Табсиратул әдиллә»* атты еңбегінде «Иман тақлиди» мәселесіне арнайы бір тақырып арнап, кеңінен баяндайды. Имам Нәсәфи (508/1114): «Иман – тасдиқтау (яғни, иман шарттарын күмәнсіз қабыл етуді білдіреді). Дүниеде мұсылман қатарында үкім берілуі үшін иманын тілімен айтуы керек». Мұқаллидтің бойында иманның рукуны болған сенім (тасдиқтау) табылғандықтан, мүмін саналады. Өйткені, оның иман етуі Аллаға жақындау, разылығына қауышу болды. Бір мәжбүрліктен, көзімен көрген азаптан қорыққандықтан болған жоқ. Алайда, жаратылысқа ой жүгіртіп, ақыли дәлелдерді қолданбағандықтан, күнәкар болады. Бұл пікір Әбу Ханифа, Сәури, Малик, Әузағи, Шафиғи, Ибн Ханбал, Абдулла ибн Сағид әл-Қаттан және Махасибиден жеткені айтылады. Матуридиге тән болып, Матуриди Әбу Ханифадан риуаят еткен. Яғни, мүмін болу үшін жүрекпен растау жеткілікті. Әрі бұл көзқарас имам Матуридидің де таңдауы» [ән-Нәсәфи, 2011, 154 б.] деп мұқаллид ақылын жұмыс істетіп, Алланы тану жолында шаршамағанымен, өз еркімен мұжтаһид ғалымдарға еріп, Алла разылығын қалауын, сауап күтуін жеткілікті санайды.

Иманға қатысты көзқарасын Нәсәфи былайша дәлелдейді. Имам Матуриди, Құрандағы: «Олар (қиямет-қайымға қатысты) кейбір белгілерінің келуін күтуде ме? Белгілер келген күні бұрын-соңды иман келтірмегеннің иманы ешқандай да пайда бермейді» («Әнғам» сүресі, 158-аят) деген аяттың тәпсірінде: «...Азапты көрген сәттегі иманы өз еркімен болған шынайы иман емес. Өйткені, ол қорқыныштан иман етті. Оның иманы құтты Перғауынның, «...теңіз суы қайта қосылып, Перғауынды жұта бергенде, ол: «Исрайыл ұрпақтарының иман келтіргенінен басқа құдай жоқ екеніне

иландым. Мен енді Оған жан-тәнімен бағынған мұсылмандардың бірімін», – деді» («Юнус» сүресі, 90-аят) дегені тәрізді. Алайда, оған сол иманы пайда бермеді», – деді [Топалоғлу 2005, 268 б.]. Сондай-ақ, мұқаллидтің иманы тар кезеңде азаптан қорқу себепті болған жоқ. Керісінше, кең заманда Алланың разылығына қауышу, сауап үміт ету мақсатында болды. Сондықтан, оның иманы қабыл етілмейтін мағынада емес. Әрі Алла Тағала кеңшілігімен иманды жанға сауап беретінін уәде еткен. Міне, осы тұрғыдан мұқаллид иман ету жолында шаршасын, шармасын сауабын жоғалтпайды. Оған шайх Әбу Мансурдің (р.х.) жоғарыдағы сөздері дәлел болады» [ән-Нәсәфи 2011, 157 б.] деген.

Қорыта айтар болсақ, Матуриди сенімі бойынша, «иман» – Аллаға шын көңілден сену, ал «иман тақлиди» – дәлелді көзқарасы болмаған бұқара халықтың дін ғалымдарына ілесумен болған сенімі. Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы және А.Үлімжіұлы сынды қазақ халқына өкілеттік ететін бәһадүр бабаларымыздың «иман» және «иман тақлиди» мәселелесі жайлы тұжырымдары олардың Матуриди сенім мәзһабын ұстанғандықтарын көрсетеді. Дана халқымыздың, «Өткенің түгенделмей, бүгінгің бүтінделмейді» деген сөзінен ғибрат ала отырып, қазақ халқының рухани бағыты болған матуридилік сенім мәзһабының терең зерттелуі келелі келешігіміздің кепілі болмақ.

Библиография

- Алтынсарин, Ы. 2013. 'Өмірі мен шығармалары', құраст. Ардақ Мұқашева. Алматы, Рауан, 384 б. 189 б.
- Әбу Мансур әл-Матуриди. 2007. 'Китәбут таухид'. Бейрут, Дәру садаыр, 538 б.
- Әбу Муғин Мәймун ән-Нәсәфи. 2011. 'Табсиратул әдиллә фи усулиддин', Каир, Мәктабатул азһария лит-турас, 1314 б.
- Әбу Жағфар әт-Тахауи. 1994. 'Шарху мүшкилил әсар', Бейрут, Мүәссисатул рисала, Том 1, 388 б.
- Әли Абдулфаттах әл-Мағриби. 2009. 'Имамү әһлис сүнна уәл жәмаға Әбу Мансур әл-Матуриди уә әрауһул кәламия', Каир, Мәктаба уаһба, 455 б.
- Құнанбаев, А. 2013. 'Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ'. (Өлеңдер. Аудармалар. Қара сөздер.), Құраст. Бекен Шерубаев. Алматы, Білім, 320 б.
- Құнанбаев, А. 2005. 'Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы', Алматы, Жазушы, 336 б.
- Құдайбердіұлы, Ш. 2008. 'Шығармаларының үш томдық жинағы, Өкінішті ғұмыр'. Жидебай: Халықаралық Абай клубы. Том 2, 432 б.
- Марфуға Шапаян, 2017. 'Ақыт қажы Абай өлеңдеріне неліктен «қиянат» жасанды?' [Электронды ресурсы] URL <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/aqyt-qajy-abai-olenderine-nelikten-qiyanat-jasady-1763/#gsc.tab=0> (Қаралған күні: 31.08.2018)
- Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Бабурти әл-Ханафи. 2009. 'Шарху уасияти Әби Ханифа', «Дәрул фикр», 155 б.

Топалұғлы, Б. 2005. 'Тәуилатул Құран ли Әби Мансур әл-Матуриди', Стамбул, Дәрул мизан, 17 томдық тәпсір. Том 5, 488 б.

Үлімжіұлы, А. 1998. 'Шығармалар', Үрімжі, «Шинжиан халық баспасы», (3 томдық) Том 1, 689 б.

Transliteration

Altynsarın, Y. 2013. 'Ómiri men shyǵarmalary' [Life and Art], qurast. Ardaq Muqasheva. Almaty, Raýan, 384 b. 189 b.

Ábý Mansýr ál-Matýridi. 2007. 'Kitábýt taýhid' [Book of Monotheism]. Beirýt, Dáry sadyr, 538 b.

Ábý Mýgin Máimýn án-Násáfi. 2011. 'Tabsiratýl ádillá fi ýsýliddin' [Evidence in the Kalam], Kair, Máktabatýl azhariia lit-týras, 1314 b.

Ábý Jaǵfar át-Tahaýi. 1994. 'Sharhý múshkilil ásar' [Disagreements in the Transmission of the Asaras], Beirýt, Múássisatýl risala, Tom 1, 388 b.

Áli Abdýlfattah ál-Maǵrabi. 2009. 'Imamú áhlis súnna yál jámaǵa Ábý Mansýr ál-Matýridi yá áraúhýl kálamia' [Imam Ahli Sunnah Abu Mansour al-Maturidi and his Views in the Kalam], Kair, Máktaba yahba, 455 b.

Qunanbaev, A. 2013. 'Maqsatym – til ustarty, óner shashpaq' (Óleńder. Áydarmalar. Qara sózder.) [My Goal is to Learn the Language. Poems. Translations. Prose], Qurast. Beken Sherýbaev. Almaty, Bilim, 320 b.

Qunanbaev, A. 2005. 'Abai shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy' [2-volume Full Edition of Abai], Almaty, Jazýshy, 336 b.

Qudaiberdiuly, Sh. 2008. 'Shyǵarmalarynyń úsh tomdyq jınaǵy, Ókinishti ǵumyr' [3-volume Edition of the Work. Regrettable Life]. Jidebar: Halyqaralyq Abai klyby. Tom 2, 432 b.

Marfýǵa Shapuan, 2017. 'Aqyt qajy Abai óleńderine nelikten «qanat» jasady?' [Why Akyt Kazhi Made an Abuse of Abai's Poems?] [Elektrondy resýrs] URL <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/aqyt-qajy-abai-olenderine-nelikten-qiyanat-jasady-1763/#gsc.tab=0> (Qaralǵan kúni: 31.08.2018)

Muhammed ibn Muhammed ál-Babýrti ál-Hanafi. 2009. 'Sharhý ýasuatı Ábi Hanifa' [Interpretation of the Covenants of Abu Hanifah], «Dáryl fikr», 155 b.

Topalugly, B. 2005. 'Táýilatýl Quran li Ábi Mansýr ál-Matýridi' [The Book "Tauilatul Quran" al-Maturidi], Stambýl, Dáryl mizan, 17 tomdyq tápsir. Tom 5, 488 b.

Úlimjiuly, A. 1998. 'Shyǵarmalar' [Works], Үрімжі, «Шинжиан халық баспасы», (3 томдық) Том 1, 689 б.

Резюме

Оқан С., Калдыбеков Н. Взаимосвязь во взглядах казахских мыслителей касательно «Имана» и «Имана тақлиди»

В этой статье рассматривается проблема веры в ислам, которая является основой мусульманской культуры, точнее, матуридитская школа акыды (вероубеждение), которая практикуется на протяжении всей истории народов Средней Азии и

Казахстана. Определена взаимосвязь во взглядах мыслителей XIX-XX вв.: Ы. Алтынсарина, Абая Кунанбайулы, А. Улумжуулы и ақыды Матуриди на тему: «Иман» и «Иман таклиди» и сделан сравнительный анализ. Таким образом, выяснилось, что матуридитская школа ақыды была основой религиозного мировоззрения казахского народа. Это, в свою очередь, оказывают положительное влияние на формирование исторического сознания у молодежи, а также регулируют религиозную ситуацию.

Ключевые слова: Ислам, Матуриди, казахские мыслители, иман, иман таклиди.

Summary

Okan S., Kaldybekov N. Interrelation in the View of Kazakh Thinkers Concerning “Iman” and “Iman Taklidi”

This article examines the problem of faith in Islam, which is the basis of Muslim culture, more precisely, the maturidic school of aqidah(belief), which is practiced throughout the history of the peoples of Central Asia and Kazakhstan. The interrelation in the views of thinkers of the XIX-XX centuries: Y. Altynsarin, Abay Kunanbayuly, A.Ulumzhuuly and aqidahMaturidi on the theme «Iman» and «Iman taulidi» was determined and comparative analysis was made. Thus, it became clear that the maturidic school of aqidahwas the basis of the religious outlook of the Kazakh people. This, in turn, has a positive impact on the formation of historical consciousness among young people, as well as regulates the religious situation.

Key words: Islam, Maturidi, Kazakh thinkers, Iman, Iman Takalidi.



ВСЕМИРНЫЙ ФИЛОСОФСКИЙ КОНГРЕСС В ПЕКИНЕ

13-20 августа 2018 года в Пекине состоялся XXIV Всемирный философский конгресс, самый масштабный за всю историю этих форумов. Проведенный под эгидой Международной федерации философских обществ (МФФО) и Китайского организационного комитета, он собрал 4537 человек из 120 стран мира.

Всемирные философские конгрессы проводятся с 1900 года, а них обсуждаются актуальные проблемы человека и общества, апробируются результаты философских исследований, актуализируются идеи мыслителей прошлого, предлагаются идеи и концепты современных философов по различным проблемам, и, конечно же, ставится вопрос о функциях философии и задачах философов при решении глобальных проблем современности.

Нынешний конгресс носил название «Учиться быть Человеком». Это не случайно. Цель всемирных философских конгрессов как раз и заключается в заострении внимания всего человечества к проблемам, связанным с развитием современной цивилизации и с человеческим будущим. Не был случайным и выбор места проведения конгресса. Китай – страна, имеющая древнюю культуру и уникальную, своеобразную философию, насчитывающую несколько тысяч лет. Китайская философия на протяжении веков ставила практическую заботу о человеке, обществе, государственном устройстве и управлении. Размышления о человечности, совершенствовании человеческих качеств, о природе и устройстве мира, о единстве Неба и человека брали вверх над метафизикой и эпистемологией. Этика и политическая философия были всегда основными направлениями китайской философии с древности, и она носила практический характер.

На конгрессе в Пекине фундаментальные вопросы бытия человека проходили сквозь все темы, предлагаемые к обсуждению на 5 пленарных заседаниях, 10 симпозиумах и 10 лекциях приглашенных профессоров, на 99-ти секциях по различной тематике. Кроме того, было организовано более 160-ти молодежных (студенческих) секций. Во всех докладах и выступлениях поднимался вопрос о роли философии, ответственности философов и ученых в современном мире, о том, как бороться со злом и оставаться Человеком, преодолеть эгоцентризм и выйти из ценностного кризиса.

Конгрессу было уделено большое внимание со стороны руководства Китайской Народной Республики. Церемония официального открытия прошла в Доме народных собраний (здание Китайского Парламента) на главной площади Пекина «Тяньаньмэнь», где участников приветствовали Президент МФФО, Министр образования КНР, Ректор Пекинского государственного университета, Генеральный секретарь МФФО.

Пленарные заседания были посвящены темам: Эго (Self), Сообщество, Природа, Духовность, Традиции. Состоялись и симпозиумы, содержательно равные пленарным докладам: 1. Человеколюбие, человечность, любовь и сердечность; 2. Ум, мозг, тело, сознание, эмоции; 3. Философия по краям (Philosophy at the Margins): доминирование, свобода и солидарность; 4. Права, ответственность и справедливость; 5. Человек, не-человек, пост-человек; 6. Наука, технология и окружающая среда; 7. Творчество, символ и эстетическое чувство; 8. Разум, мудрость и хорошая жизнь; 9. Способности к яркому проявлению чувств, диалогу и взаимопониманию; 10. Различия, различия и общность.

Отдельные сессии были посвящены традиционно всем направлениям философского знания. Особое внимание было уделено китайской философии, ежедневно проходили сессии по ее истории и современным проблемам.

Марксистская философия была одной из центральных тем конгресса в Пекине. Это связано не только с тем, что 2018 году отмечается 200-летие К. Маркса, но и с тем, что национальная идея современного Китая тесно переплетается с идеологией коммунизма.

Казахстанская делегация была представлена главными научными сотрудниками Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, докторами философских наук, профессорами С. Колчигиным, А. Сагикызы, кандидатом философских наук Р. Сартаевой и ведущим научным сотрудником Библиотеки Первого Президента РК, доктором философских наук, профессором Г. Телебаевым. Все они выступили с докладами на различных секциях, активно участвовали в работе конгресса в целом. Совместно с Институтом философии Российской академии наук и Институтом философии Национальной академии наук Республики Беларусь организовали и провели международный круглый стол «Евразийская философия: прошлое и будущее».

В рамках конгресса состоялась Генеральная сессия МФФО, на которой были избраны Президент МФФО, новый состав Руководящего комитета и город, где будет проходить следующий, XXV Всемирный философский конгресс. Президентом МФФО был единогласно избран Лука Мария Скарантино, итальянский философ, который до этого занимал должность Генерального секретаря. На проведение следующего конгресса были поданы заявки из Австралии, Бразилии, Японии и Ирана. Каждое философское общество из этих четырех стран представило на суд членов МФФО свою презентацию. Были показаны философские достижения в этих странах, план проведения конгресса и свои преимущества. В результате тайного голосования, состоявшего из двух туров, победил г. Мельбурн (Австралия), где и будет проходить в 2023 году XXV Всемирный философский конгресс. Презента-

ция была представлена Австралийской ассоциацией философов, она объединяет философов Австралии, Сингапура, Новой Зеландии. 2023 год для этой организации является юбилейным, она будет отмечать свое 100-летие.

Общественное объединение «Казахстанский философский конгресс» является полноправным членом Международной Федерации философских обществ, и нам впервые посчастливилось участвовать в ее Генеральной Ассамблее, тем более с правом голоса. Помимо этого, вице-президент казахстанского философского сообщества С.Ю. Колчигин выступил с трибуны Генеральной Ассамблеи и рассказал о достижениях нашего сообщества за последние три года.

А. Сагикызы



БІЗДІҢ АВТОРЛАР • НАШИ АВТОРЫ

Abdigaliyeva Gulghan Kanaevna – al-Farabi Kazakh National University, Professor

Әділбаев Алау Шайқымұлы – ҚМДБ-ның төраға орынбасары, наиб муфти, теология ғылымдарының PhD докторы, қауымдастырылған профессор.

Әкімханов Асқар Болатбекұлы – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, ғалым хатшысы, Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің докторы

Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

Байдаров Еркін Уланович – ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат философских наук

Бейсенов Бағдат – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

Бекежан Өмірбек Қадырханұлы – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастық профессоры, философия ғылымдарының докторы

Бижанов Ахан Хусайнович – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор политических наук, профессор

Burova Elena Evgenievna – Head of the Department of Religious Studies, Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies CS MES RK, Doctor of Philosophical Sciences, Professor

Есімова Анаргүл Елмұратқызы – М. Әузов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Zhampetova Aigerim Oralbekovna – al-Farabi Kazakh National University, PhD student

Комаров Антон Станиславович – экстерн Владимирского государственного университета им. Столетовых (Россия)

Косиченко Анатолий Григорьевич – главный научный сотрудник Института философия, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, профессор

Қалдыбеков Нұрбол Сейілбекұлы – БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, дінтану бөлімінің ғылыми қызметкері, PhD докторанты

Музыкаина Елена Валентиновна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, кандидат философских наук

Мұсаев Ринат – М. Әузов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Мұсаева Назигүл Рахымқызы – философия ғылымдарының докторы, профессор

Оқан Самет – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, дінтану кафедрасының оқытушысы, PhD доктор.

Алія Sailaubекұзы – PhD-student of Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies CS MES RK

Сагикызы Аяжан – заведующая отделом философии Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, профессор

Соловьева Грета Георгиевна – главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, профессор

Шағырбаев Алмасбек Дүйсенбекұлы – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, PhD доктор

Шайкемелев Мұхтарбек Сейд-Аливич – заведующий отделом политологии Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук

Шалабаев Құсман Кәрімұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты

Shaukenova Zarema Kaukenovna – Director of the Kazakhstan Institute of Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Sociology, Professor

Шәкизада Сырым Бауыржанұлы – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, магистрі

АДАМ ӘЛЕМІ

Жылына төрт рет шығады

Издается четыре раза в год

Редакция мекен-жайы:

050010,
Алматы қаласы,
Құрманғазы көшесі, 29
ҚР БҒМ ҒК РМҚК
«Философия, саясаттану
және дінтану институты»

Адрес редакции:

050010,
город Алматы,
ул. Курмангазы, 29
РГКП «Институт философии,
политологии и религиоведения»
КН МОН РК

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Философия, саясаттану және дінтану институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Алматы қ.)

Собственник: Республиканское государственное казенное предприятие «Институт философии, политологии и религиоведения» Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (г. Алматы)

Басылып отырған материал авторларының көзқарасымен редакция алқасының пікірі сәйкес келмеуі мүмкін.

Мнение редакционной коллегии может не совпадать с точкой зрения авторов публикуемых материалов.

Журналда жарияланған материалдардың, деректердің, айғақтардың, тәсімдердің, сандық көрсеткіштердің, жарнамалардың растығы авторлардың жауапкершілігінде.

За достоверность публикуемых в журнале материалов, сведений, фактов, схем, цифровых данных, рекламы ответственность несут авторы.

Журналдағы деректерді пайдаланғанда түпнұсқаға сілтеме жасау міндетті.

При использовании материалов, опубликованных в журнале, ссылка на источник обязательна.

Компьютерде жинақтаушы **Ж. Рахметова** Компьютерная верстка

Теруге 15.09.2018 ж. берілді. Басуға 21.09.2018 ж. қол қойылды.
Форматы 70x1001/16. Есепті баспа табағы 10,12.
Тапсырыс № 56.

Сдано в набор 15.06.2018 г. Подписано в печать 21.09.2018 г.
Формат 70x1001/16. Уч. изд. л. 10,12.
Заказ № 56.